Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша алдын алу жұмыстарының шеңберінде Жоғарғы Сотта кадрлар мониторингі жүргізіледі, сол үшін **«Қазақстан Республикасының соттары мен судьялары»**

ақпараттық жүйесі құрылып, табысты жұмыс істеуде, онда әрбір судья туралы, оның ішінде олар жасаған құқық бұзушылықтар мен теріс қылықтары туралы да мәліметтер бар.

Кәсіби судьяларды даярлауды Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Әділсот институты жүзеге асырады.

Жергілікті соттардың басшылық лауазымдарына ең лайықты үміткерлерді іріктеуді Кадр резерві жөніндегі комиссия жүзеге асырады.

Сот процестерінің жария және айқын болуын қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылданған. Соттарда істерді электрондық бөлуді, сот процесін аудио және бейнетаспаға жазуды енгізу жұмысы белсенді және мақсатты бағытталған түрде жүргізілді. Сот шешімдері Жоғарғы Соттың веб-сайтында жарияланады, БАҚ-пен өзара іс-қимыл жолға қойылған, орталық баспасөз органдарында сот жүйесі мәселелері бойынша мақалалар жүйелі түрде шығып тұрады.

Судьялардың тәртіптік-біліктілік алқаларының өкілеттіктері кеңейтілді, олардың құзырына судьяларға қатысты тәртіптік іс қозғау мәселесі берілген. Судьяның отставкаға кетуі оның мінсіз репутациясы туралы тәртіптік алқаның оң қорытындысы болған кезде ғана мүмкін болады.

«Қазақстан Республикасының сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы» Конституциялық заңға енгізілген толықтыруларға сәйкес судьяның қылмыс немесе сот билігінің беделін түсіретін теріс қылық жасауына, судья этикасының талаптарын сақтамауына және Конституциялық заңда белгіленген өзге де талаптарды орындамауына байланысты тәртіптік алқаның шешімі бойынша оның өкілеттігі тоқтатылған жағдайда, сондай-ақ кәсіби жарамсыздығына байланысты Сот жюриінің қорытындысы бойынша ол барлық материалдық және әлеуметтік кепілдерден айырылады.

Жоғарғы Сот судьялар корпусын сот билігінің беделін түсіретін, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар мен қылмыстар жасаған адамдардан тазарту бойынша жұмысты бірізді жүргізіп келеді. Судьялардың тәртіптік-біліктілік алқалары шешімдерінің негізінде 2008 жылы 21 судья, 2009 жылдың 6 айында 20 судья атқарып отырған лауазымдарынан босатуға ұсынылған.

Жыл сайын сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес заңнамасының талаптарын сақтау жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленеді.

Комитеттің аумақтық органдарында орындаушылық құжаттарды электрондық есепке алу жүйесі енгізілуде, сенім телефондары жұмыс істейді.

«Сот орындаушылары одағы» республикалық қоғамдық бірлестігі құрылды, оны құрудағы мақсаттың бірі сот орындаушылары арасындағы сыбайлас жемқорлық көріністерімен күрес болып табылады.

Соттар әкімшісі басшылығының жауапкершілігін күшейту мақсатында аумақтық бөлімшелердің қызметкерлері сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаған жағдайда осы бөлімшелердің басшыларын тәртіптік жауапкершілікке тарту практикасы енгізілді.

Сот орындаушыларының жүктемесі мәселелеріне бірыңғай тәсілді әзірлеу, оларға тиісті еңбек жағдайларын жасау және олардың жұмыс нәтижелерін бағалау мақсатында Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен келісілген Жоғарғы Сот жанындағы Сот әкімшілігі жөніндегі комитет төрағасының 2009 жылғы 25 ақпандағы бұйрығымен «Сот орындаушылары жүктемесінің нормативтері» бекітілді.

Президенттің «Қазақстан Республикасында қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту және құқық қорғау қызметін одан әрі жетілдіру жөніндегі қосымша шаралар туралы» 2009 жылғы 22 сәуірдегі Жарлығымен сот шешімдерін орындау тәртібін бұзумен және сотты құрметтемеу көріністерімен байланысты қылмыстық істерді тергеу жөніндегі өкілеттіктер Комиеттің қарауына берілді.

Осы Жарлықты іске асыру мақсатында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне атқару өндірісі органдарының қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы әзірленді, ол қылмыстық іс жүргізу заңнамасына өзгерістер енгізуді көздейді.

Сот жүргізуде алқа билерді қатыстыру, қылмыс пен қорғаудың бәсекелік принципін сақтау, адвокаттар рөлін арттыру салаларын кеңейтуге

Қазіргі уақытта Жоғары Соттың бастамасымен әзірленген Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексіне өзгерістер енгізу туралы заң жобасы Парламент Мәжілісінде мақұлданып, Сенатқа берілді, оған сәйкес алқа билер заседательдерінің қылмыстық іс жүргізуге қатысу аясын кеңейту қарастырылады.

Ұсынылып отырған өзгерістерге сәйкес алқа билер заседательдерінің қатысуымен сот әлуетін одан әрі іске асыру және олар қарастыруы ықтимал істер санатын кеңейту қамтамасыз етілетін болады.

Біріншіден, аса ауыр қылмыстар туралы барлық істер қылмыстық істер бойынша мамандандырылған соттардың қарауына берілетін болады. Тиісінше алқа билер заседательдерінің қатысуымен аса ауыр қылмыстар туралы барлық істер қаралатын болады деп көзделеді.

Сондай-ақ алқа билер заседательдерінің оңтайлы құрамын қалыптастыру көзделеді, енді мұндай соттардың құрамында төрағадан басқа екінші судья болмайды, ал сот құрамында бір судья және 10 алқа би заседательі жұмыс істейтін болады.

Қылмыстық процеске қатысушыларға өз құқықтарын қорғау үшін қосымша кепілдіктер беріледі, басты сот талқылауы тағайындалғанға дейін алқа билер заседательдерінің қатысуымен істі қарау туралы өтініш беруге болатын процесс сатылары кеңейеді.

Сотқа шақырылған, бірақ алқа билер құрамына еңбеген алқа билер заседательдеріне үміткерлерге еңбекақы төлеу мәселелері реттелетін болады.

Соттар қызметінің ашықтығына қол жеткізуді, барлық жерде бірдей істерді автоматтандырылған бөлу жүйесін енгізуді, сот процестерін аудио және бейне жазбаларға түсіруді, сот отырыстарының дәлжазбаларына және сот шешімдеріне электрондық деректер базасы арқылы қолжетімділікті қамтамасыз етуге

Сот жүйесінде әділсот сапасын арттыру және жіберудің айқындылығын қамтамасыз ететін сенімді ақпараттық платформа құру мақсатында **Қазақстан Республикасындағы сот органдарының бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық-талдау жүйесі** (бұдан әрі - БААТЖ) құрылды.

Бұл жүйеде соттарда хат-хабарларды, сот істерін тіркеу, есепке алумен қатар барлық сот актілерінің және өзге де құжаттардың электрондық базасы құрылған, судьялар мен кеңсе қызметкерлерінің жүктемесі айқындалған, азаматтық, қылмыстық, әкімшілік істерді, сондай-ақ қадағалау шағымдарын автоматты түрде бөлу жүргізіледі. БААТЖ бағдарламаларын енгізу жіберілімдер сапасын арттыруды, істерді қарау, талап-арыздарды, сот істерін, кассациялық шағымдарды, қадағалау қарсылықтарын есепке алу және бақылау мерзімдерін олардың келіп түсуінен сот актілерін орындау және қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істерді мұрағаттарға беруге дейін қысқартуды қамтамасыз етті, сот жүйесінде бірыңғай ақпараттық кеңістік қалыптастыруға мүмкіндік берді.

БААТЖ жүйесін дамыту жобасы шеңберінде әділсот нормаларын әлемдік стандарттарға сәйкес келтіру үшін жаңа жүйе – **сот процесін аудио-бейнетіркеу жүйесі** әзірленіп, орнатылды. Бұл жүйенің мақсаты сот процестерін өткізудің айқындылығы мен ашықтығын қамтамасыз ету болып табылады, ол қазіргі телекоммуникациялық жүйелердің мүмкіндіктерін түбегейлі кеңейтті, себебі деректер мен дауысты беру құралдарына көзбен көрген ақпаратты алмасу технологиясын қосуға мүмкіндік береді. Аудио-бейнетіркеу жүйесі республиканың барлық облыстық және қалалық соттарына жалпы саны 39 құрал-жабдық жинағы қондырылған. 2009 жылдың бірінші жарты жылдығында республика бойынша аудио-бейнетіркеу жүйесін қолдана отырып, **208** сот отырысы, аудиотіркеу жүйесін пайдаланып, **5007** сот отырысы өткізілді.

Соттар қызметінің айқындылығына қол жеткізуде перспективалық маңызды бағыттардың бірі **сот ғимараттарында**, оның ішінде облыстық және оларға теңестірілген соттарда **ақпараттық-анықтамалық дүңгіршектер және ақпараттық веб-портал құру** болып табылады. Бұл жаңалықтардың мақсаты – сот ісіне қатысушылардың істің қозғалысы туралы ақпаратты жедел алуы, шығарылған сот шешімдерімен, қаулыларымен, ұйғарымдарымен және өздерін қызықтырған басқа да ақпаратпен танысуы.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының www.supcourt.kz сайтында Жоғарғы Соттың және жергілікті соттардың сот актілері банкі орналастырылған, ол 342 мыңнан астам құжатты қамтиды.

Сот жүргізуде алқа билерді қатыстыру, қылмыс пен қорғаудың бәсекелік принципін сақтау, адвокаттар рөлін арттыру салаларын кеңейтуге

Азаматтарды, әсіресе ауылдық жерлерде кәсіби қорғаумен қамтамасыз ету мәселелері қаржылық қиындықтарға байланысты әлі де шешілмеген күйінде қалуда.

Қазақстанда тегін заңгерлік көмекке құқық Қазақстан Республикасының Конституциясы 13-бабының 3-тармағында көзделген, онда әркім білікті заңгерлік көмек алуға құқылы және заңда белгіленген жағдайларда заңгерлік көмек тегін көрсетіледі делінген.

Қазақстан Республикасының заңнамасын талдау адвокаттың тегін заңгерлік көмегі туралы конституциялық ереже тек қылмыстық сот ісін жүргізуде және қылмыстық жауапкершілікке тартылған адамдарға ғана таралып, біржақты қолданылатынын көрсетті. Егер қылмыстық істерде адвокатқа тағайындалған төлем бюджеттік қорлардан жүргізілсе, әкімшілік істерде «бұған негіздер болған жағдайларда», ал азаматтық істерде – «процеске қатысушы азаматтың мүліктік жағдайын ескере отырып» жүргізіледі.

Тегін заңгерлік көмек алу жағдайлары мен оны алушылардың санаттарын «Адвокаттық қызмет туралы» заңның 6-бабы да реттейді. Бірақ бұл заң қазіргі уақытта формальды сипатқа ие, себебі адвокаттық контораларда да, адвокаттар алқасында да, жеке адвокаттарда да заңда көрсетілген азаматтардың санаттарына төлем көздері жоқ. Осылайша олар бюджеттік қаржыландырудан өтемақы алмастан, тегін қызмет көрсетуі қажет.

Сот жүргізуді оңайлату мен соттарды одан әрі мамандандыруға

2008 жылғы 17 қарашада Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасындағы сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға қол қойды, ол сот жүйесінің құрылымын одан әрі жетілдіруді, сот ісін жүргізуді оңайлатуды, оның айқындылығы мен қол жетімді болуын қамтамасыз етуді қарастырады. Түзетулер Жоғарғы Сотта бірінші және апелляциялық инстанцияларды, облыстық соттарда бірінші және қадағалау инстанцияларын таратып, бүгінгі таңда жаңартылған Конституциялық заңда көзделген республика соттарының сот алқаларын құруға дейінгі өз өкілеттіктерін сақтап отырған аудандық соттардың рөлін күшейтуді қарастырады.

Осының нәтижесінде Қазақстанның сот құрылымы бірінші инстанциядан (*аудандық және оларға теңестірілген соттар*), апелляциялық және кассациялық инстанциялардан (*облыстық және оларға теңестірілген соттар*), сондай-ақ қадағалау инстанциясынан (*Жоғарғы Сот*) тұратын болады.

Оңтайлы ұйымдастырушылық құрылымы бар, халыққа едәуір жақын және толық көлемде тиімді сот әділдігін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін үш буынды әділсот жүйесі құрылуда.

Сот жүйесін жетілдірудің маңызды бағыттарының бірі мамандануды дамыту болып отыр. Бүгінгі таңда республикада экономикалық, әкімшілік, әскери соттар жұмыс істеуде. Алматы қаласында мамандандырылған қаржылық сот жұмыс істейді, ол Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығына қатысушылардың азаматтық-құқықтық дауларын қарайды. Сондай-ақ Астана және Алматы қалаларында кәметке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған соттар жұмыс істейді және қазіргі таңда республиканың барлық аумағында осындай соттар құру мәселесі пысықталуда.

Сот шешімдерін созбаға салу және орындамау тәжірибесін жоюға қол жеткізуге ниет етеміз

Статистикалық деректерге сәйкес 2009 жылдың 6 айында сот орындаушыларында **637 мың** атқару құжаты болған, бұл өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 159 мың құжатқа (33,1 %) артық (2008 жылдың 6 айында 478 мың).

Есептік кезеңде сот орындаушылары **297 мың** атқару құжатын немесе орындаудағы құжаттардың 46,6 % аяқтаған.

Нақты **223 мың** атқару құжаты орындалған. Пайыздық ара-қатынаста нақты орындау 75,1 % құраған.

2009 жылдың 6 айында сот орындаушылары қызметінің нәтижесінде мемлекет бюджеті **9,1 млрд. теңгеге** толықты.

Мемлекет кірісіне 584 млн. теңге көлемінде орындау санкциясы өтелді, бұл өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 334 млн. теңгеге (екі еседен артық) көп (2008 жылдың 6 айында сомасы 249 млн. теңге өтелді).

Тәркіленген мүлікпен жұмыс жүргізу барысында мемлекет бюджетіне 345,6 млн. теңгеден астам ақша түсті.

БІЛІМГЕ НЕГІЗДЕЛГЕН БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ ЭКОНОМИКАНЫ ДАМЫТУ

2012 жылға қарай ІЖӨ көлемін 1,5 есеге, ал халықтың жан басына шаққандағы көрсеткіш бойынша - 13 мың АҚШ долларына көбейтуге

Көптеген елдердегі рецессия нәтижесінде сыртқы сұраныстың қысқаруы, қазақстандық экспорттың негізгі бағыттарына бағаның төмендеуі, инвестициялар көлемінің азаюы елімізде іскерлік белсенділіктің айтарлықтай төмендеуіне және өндірістің құлдырауына әкеп соқты, бұл ағымдағы жылдың 6 айында ЖІӨ өндірісін 2,3 % төмендетті. ЖІӨ құрылымында тауар өндіру 39% дейін төмендеді, қызмет көрсету үлесі 61,3% дейін артты. Қызметтер

көрсету саласындағы қосымша құн өсудің жоғары қарқындылығы есебінен емес, тауарлар өндірісінің айтарлықтай төмендеуі есебінен болды.

	млн. теңге	өткен жылдың тиісті кезеңіне %	құрылым %	
			физикалық көлем индексі	2009
Ішкі өнім	6 446 317,2	97,7	100,0	100,0
Тауар өндіру	2 506 181,0	96,7	39,0	46,7
Ауыл шаруашылығы, аң аулау және орман шаруашылығы, балық аулау	211 176,9	102,5	3,3	2,7
Өнеркәсіп	1 845 870,2	97,5	28,7	37,0
Тау-кен өнеркәсібі	1 025 187,8	101,8	15,9	22,5
Өңдеу өнеркәсібі	680 796,8	90,5	10,6	12,7
Электр энергиясын, газ және су өндіру және бөлу	139 885,6	93,5	2,2	1,8
Құрылыс	449 133,9	90,2	7,0	6,7
Қызметтер өндірісі	3 953 934,6	99,7	61,3	52,4
Сауда, авомобильдер және үйде пайдаланылатын бұйымдарды жөндеу	909 297,5	96,4	14,1	12,1
Қонақ үйлер мен мейрамханалар	69 858,7	103,3	1,1	0,9
Көлік	529 760,5	88,3	8,2	8,2
Байланыс	160 943,2	103,6	2,5	2,7
Қаржылық қызмет	361 238,1	106,7	5,6	5,4
Жылжымайтын мүлікпен операциялар, жалға беру және тұтынушыларға қызмет көрсету	1 224 361,3	102,8	19,0	15,2
Мемлекеттік басқару	174 474,7	107,3	2,7	1,9
Білім беру	241 112,8	101,9	3,7	2,9
Денсаулық сақтау	145 780,2	103,8	2,3	1,7
Өзге де қызметтер ұсыну	137 107,6	104,0	2,1	1,7
Салалар бойынша жиыны	6 460 115,6	98,3	100,3	99,1
Қаржылық делдалдық жанама-өлшенетін қызметтер	-347 704,0	108,4	-5,4	-5,1
Қосымша құн	6 112 411,6	97,8	94,9	94,0
Азық-түлікке және импортқа таза салықтар	333 905,6	96,5	5,1	6,0

Өндірістің шикізаттық емес секторын дамытуға және өңдеу өнеркәсібінің орташа жылдық өсу қарқынын кем дегенде 8 % деңгейінде қамтамасыз ете отырып, экономиканы қарқынды әртараптандыруға, индустрияның базалық салалары - химияны, мұнай-химиясын, құрылысты, сондай-ақ энергетика мен ақпараттық технологияны одан әрі дамытуға

Қазақстанды да шарпыған әлемдік қаржы-экономикалық дағдарыс шикізат ресурстарының экспортына тәуелді ел экономикасының құритынын және республика экономикасын әртараптандырудың баламасы жоқ екенін көрсетті.

Осыған байланысты Мемлекет басшысы, партия жетекшісі Н.Ә.Назарбаев «Нұр Отан» ХДП-ның кезектен тыс XII съезінде Үкіметтің алдына елімізді индустриялық-инновациялық дамыту міндетін қойды.

Осы тапсырмаларды орындау үшін Индустрия және сауда министрлігі ауқымды жұмыс жүргізуді бастады. Бірінші жарты жылдықта мынадай жұмыстар атқарылды:

1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 9 шілдедегі № 1048 қаулысымен **Индустриялық-инновациялық форстық даму жөніндегі Үйлестіру кеңесі** құрылды;

2) **салалық жұмыс топтарының**, Үйлестіру кеңесінің жұмыс органы – штабтың **құрамдары**, бизнес-бастамаларды қолдаудың тетіктері мен инструменттерін әзірлеу жөніндегі жұмыс тобы бекітілді;

3) мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесе отырып, **экономиканың перспективалық секторларын және оларды дамытудың бағыттарын іріктеу жөніндегі, экономиканың перспективалық 7 саласы бойынша шеберлік жоспарларын әзірлеу жөніндегі, инвестициялық жобаларды іріктеу жөніндегі әдістемелік тәсілдер** әзірленіп, бекітілді.

Экономиканың шикізаттық емес секторын дамыту мақсатында заңнамалық базаны жетілдіру бойынша жұмыс жүргізілуде, жаңа нормативтік актілер мен даму бағдарламалары қабылдануда. Көптеген экономикалық құрылымдар түрлі инвестициялық жобаларды іске асыруда, ұлттық инновациялық жүйе құрылып, қазақстандық кластерлер жүйесі дамуда.

Мұнай-химия өнеркәсібін дамыту мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларымен Қазақстан Республикасында мұнай-химия өнеркәсібін дамытудың 2008-2013 жылдарға арналған жаңа бағдарламасы бекітілді. Көрсетілген Бағдарламаға сәйкес 2009-2010 жылдары Қазақстанда әлемдік деңгейдегі өзара байланысты мұнай-химия кешендерінің құрылысы басталады.

Барлық инвестициялық жобалар бойынша қазіргі уақытта техникалық-экономикалық негіздемелер әзірленді, жобалау-сметалық құжаттама аяқталу сатысында.

Электр энергетикасы саласын одан әрі дамытуды кешенді және жүйелі шешу үшін Электр энергетикасын 2030 жылға дейін дамыту бағдарламасы әзірленді.

Бұл Бағдарлама жалпы алғанда осы саланың стратегиялық бағдарламасы болып табылады және электр энергиясын берудің өңіраралық желілерін салуға және дамытуға, қазіргі энергия көздерін жаңартуға және жаңғыртуға, сондай-ақ электр энергетикасын экспорттық бағытта дамытуға бағытталған.

Жаңадан енгізілген энергетикалық қуаттарды қатты отынмен қамтамасыз ету үшін Қазақстанның көмір өнеркәсібін 2020 жылға дейін дамыту тұжырымдамасы әзірленді. Тұжырымдама көмір өндіру көлемін 2007 жылы 94,4 млн. тоннадан 2020 жылы 145,6 млн. тоннаға дейін немесе 51,2 млн. тоннаға арттыруды көздейді, бұл ішкі және сыртқы нарықтың кокс және энергетикалық көмірге деген қажеттілігін толығымен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Құрылыс саласы субъектілерін қолдау мақсатында үкімет бірқатар шаралар қабылдауда. Бұл шаралар көбіне үлескерлердің проблемаларын шешуге бағытталған, бірақ жылжымайтын мүлік нарығындағы бағаны тұрақтандыру, бұрынғы құрылыс көлемін ұстап тұру және жұмыс орындарын сақтау тиімділігіне де ие.

Қазақстанда ақпараттық технологияларды (АТ) дамытуда айтарлықтай ілгерілеушіліктерге және зияткерлік әлуеттің өсуіне қол жеткізілді. Мемлекеттің және қоғамның ақпараттық технологияларды ауқымды қолдануға әзірлігін қамтамасыз ету нормативтік құқықтық базаны жетілдіруді, яғни елдің қоғамдық құқықтық қатынастарының е-үкіметті енгізуге және электрондық қызметтер көрсетуге әзір болуын қажет етеді.

Осыған байланысты «Ақпараттандыру туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ақпараттандыру мәселелері бойынша толықтырулар енгізу туралы» заңдар әзірленді.

Мемлекеттік органдар ұсынатын электрондық қызметтерге сұранысты арттыру үшін Ақпараттық теңсіздікті төмендету жөніндегі 2007-2009 жылдарға арналған бағдарлама әзірленді. Бұл бағдарламаларды сұраныс пен ұсынысты қалыптастыратын, сондай-ақ электрондық қызметтерді ұсыну және ЖКТ мен Интернетке қол жетімді және пайдалана алатын азаматтардың кластерін құру үшін іргетас қалыптастыруға ықпал ететін екі құрамдас бөлік ретінде, табысты ақпараттық қоғам құру үшін немесе 2020 жылға қарай Қазақстан Республикасында «зияткерлік ұлт» қалыптастыру үшін қарастыруға болады.

Өңдеу өнеркәсібінің жылдық орташа өсу қарқынын кемінде 8% деңгейінде қамтамасыз ету

2009 жылдың бірінші жарты жылдығында өндірілген өнім көлемі тұрақты бағада 2008 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда **9,5%** төмендеді және **1265,5 млрд. теңгені** құрады.

2009 жылдың қаңтар-маусым айларында өңдеу өнеркәсібінің төмендеуі тері, теріден жасалған бұйымдар өндіру, қағаз өндірісі (0,2%) және дайын металл бұйымдары өндірісін (8,6%) қоспағанда, іс жүзінде экономикалық қызметтің барлық түрлері бойынша байқалады.

Төмендеудің ең көп пайызы машина жасау саласында – **21,8%**, ағаш өңдеу және ағаш бұйымдар өндірісі – **21,2%** және өзге де металл емес минералдық өнімдер өндіру саласында – **20,2%** байқалады.

Әлемдік рецессия жағдайында отандық экономиканы қолдау үшін Үкімет ішкі сұранысты ынталандыру және кәсіпкерлердің іскерлік белсенділігін арттыру саясатын жүргізуде. Инфрақұрылымдық жобаларға, экономиканың нақты секторын дамытуға және әлеуметтік төлемдерді арттыруға бағытталған ішкі бюджет шығыстарының жоғары деңгейі сақталып отыр.

2009 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енген жаңа салықтық заңнама шеңберінде экономиканың өңдеу секторына салықтық жүктемені төмендету және әкімшілік кедергілерді қысқарту да ішкі сұранысты көбейтуге және орта мерзімді болашақта халықтың іскерлік белсенділігін арттыруға тиіс.

Қазақстанның индустриалдық-инновациялық дамуы үшін инвестициалық ахуалды жақсартуға, аймақтардың экономикалық өсуін жеделдетуге

2009 жылдың бірінші жарты жылдығында негізгі капиталға инвестициялар 1794 млрд. теңгені құрады, бұл 2008 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 7,3 % артық.

2009 жылдың қаңтар-маусым айларында өңдеу өнеркәсібінің негізгі капиталына инвестициялар 2008 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда (тұрақты бағада) 3,3% төмендеді және 149,9 млн. теңгені құрады.

Негізгі капиталға инвестицияларды қаржыландыру көздерінің арасында шетелдік инвестициялар (жалпы көлемнің 42,7%), инвесторлардың өз қаражаты (34,3%) басым. Бюджеттік инвестициялардың үлесі 13,2 %, заемдік қаражат – 9,8 % құрады.

Инвестицияларды мемлекеттік қолдау шаралары отандық және шетелдік инвесторларға тең дәрежеде таралатынын атап өту өте маңызды.

Инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы үкіметаралық келісімдер (бұдан әрі - Келісім) жасау жөнінде жұмыс жүргізілуде.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының Үкіметі түрлі мемлекеттердің үкіметтерімен **41 келісім жасасты.**

Келісімдердің негізгі мақсаты саяси (регулятивтік) тәуекелдер туындаған жағдайда инвестицияларды қайтаруды қамтамасыз ету, дискриминацияны болдырмау, сондай-ақ инвестициялар мен инвесторларға қатысты құқықтық режимді, сонымен қатар инвестицияларды жүзеге асырумен байланысты қызметті қамтамасыз ету бөлігінде инвесторлар

құқықтарының бірқатар кепілдіктерін өзара негізде беру және халықаралық деңгейде бекіту болып табылады.

Қазіргі таңда 20-дан астам Еуропа, Азия, ЕурАзЭҚ қатысушы мемлекеттердің және Канаданың үкіметтерімен келісімдерді келісу бойынша жұмыс жүргізілуде. Бұл елдердің арасында инвестициялар тарту жағынан қаржылық және технологиялық ресурстарға ие Таяу Шығыс және Оңтүстік-Шығыс Азия елдерімен (БАӘ, Оман, Сауд Арабиясы, Жапония, Сингапур және т.б.) жасалған келісімдер басым болып табылады.

Елде әлемдік жоғары дамыған бәсекеге қабілетті 5 қызметтер көрсету орталығын - қаржы, туристік, көлік-логистикалық, білім беру және сауда орталықтарын құруға

Республикада жоғары дамыған орталықтар құру мақсатында мемлекеттік органдар жұмыс істеуде.

Қазақстан Республикасы Алматы қаласының Өңірлік қаржы орталығын реттеу жөніндегі агенттігінің қызметі 2009-2011 жылдары нарықтық инфрақұрылымды одан әрі жетілдіруге, жаңа қаржы инструменттерін енгізуге, отандық бөлшек инвесторларды оқытуға және ірі шетелдік ойыншыларды тартуға бағытталатын болады.

Қазақстандық және шетелдік туристердің қажеттіліктерін қамтамасыз етуге және қанағаттандыруға мүмкіндігі бар тиімділігі жоғары және бәсекеге қабілетті туристік инфрақұрылым құру мақсатында 2017 жылға дейінгі мерзімде әрекет ететін «Бурабай» жиынтық экономикалық аймағы (ЖЭА) құрылды.

ЖЭА-ның тиімді жұмыс істеуі үшін нормативтік құқықтық база құрылды және ЖЭА әкімшілігін ұстау, қоршау салу, әкімшілік ғимаратты жобалау үшін бюджеттен **62424 тыс. теңге** қаражат бөлінді. «Бурабай» ЖЭА ММ құрылды. Туризм және спорт министрлігі Ақмола облысының әкідігімен бірлесе отырып, ЖЭА инвестициялық жобалармен толықтыру бойынша жұмыс жүргізуде.

Іске асырыла бастаған Батыс Еуропа – Батыс Қытай көліктік дәлізі мега-жобасы елімізде көлік-логистикалық орталықтар құруға ықпал ететін болады, ол Қытайдан теңіз жолдары арқылы шығатын жүк ағынының бір бөлігін құрлықпен тасымалдауға бағыттайды, сөйтіп Еуразия елдерінің, әсіресе Қазақстанның жаһандық транзитер ретіндегі маңызын айтарлықтай күшейтеді. Жүктер транзитінен түсетін жиынтық кіріс бүгінгі күнгі 500 млн. доллардан 2015 жылы 2 млрд. долларға дейін өседі деп күтілуде, бұл жылына 54 млн. тонна жүк деген сөз. Бағыттың жұмыс істеуі мемлекет қазынасына жыл сайын шамамен 56 млрд. теңге түсіретін болады. Бұл жобаны іске асырудың жылдық орташа экономикалық тиімділігі инфляция деңгейін есептемегенде 458 млн. долларды құрайды.

Мұндай халықаралық дәліздің пайда болуы көлік инфрақұрылымының өсуіне жағдай жасайды. Бұл - жол бойында түрлі дәмханалар, қонақ үйлер мен техникалық қызмет көрсету станцияларын салу. Сонымен қатар «Батыс

Еуропа – Батыс Қытай» жобасын іске асыру жыл сайын кемінде 50000 адамды жаңа жұмыс орындарымен қамтамасыз етеді.

Қазақстанда сауда орталығын құру мақсатында 2009 жылғы 4 мамырда «Сауда биржалары туралы» Заңға қол қойылды (жаңа редакцияда), ол алғаш реси жарияланғаннан бастап алты ай өткен соң күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының «Тауар биржалары туралы» қабылданған Заңы бағаны қалыптастырудың айқындығын қамтамасыз етуді, өнімді өткізу кезінде бағалық сөз байласуды және ішкі және сыртқы нарықта көлеңкелі айналымды болдырмауды қарастырады.

Көрсетілген Заңды іске асыру мақсатында «Тауар биржалары туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 мамырдағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі өкімінің жобасы әзірленді.

Өкім жобасына сәйкес Заңды іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесін бекіту жоспарлануда.

Мемлекеттік қажеттіліктер үшін мемлекеттік сатып алу жүйесін жетілдіруге, электрондық сауданы енгізуге қол жеткізетін боламыз

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 20 қарашадағы № 87 Заңы 2008 жылғы 22 қарашада қолданысқа енгізілді.

Аталған Заң мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру процесінде сатып алынатын тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу кезінде қазақстандық мазмұнның пайыздық көлемдерін арттыру мәселесі бойынша жұмыс тобы ұсынған бірқатар нормаларды қамтиды.

Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу кезінде қазақстандық мазмұнды арттыру мақсатында және инвестициялық жобаларды іске асыру үшін Заң ұлттық басқару холдингтерін, ұлттық холдингтерді, ұлттық басқару компанияларын, ұлттық компанияларды және олармен бірге аффирленген заңды тұлғаларды реттеу аясынан шығарды. Бұл оларға Заңда көзделген рәсімдерсіз және шектеулерсіз, бірінші кезекте отандық өндірістерге тапсырыстар орналастыруға мүмкіндік береді.

Қазақстандық мазмұнның, отандық кәсіпкерлердің, тауар өндірушілердің, жұмыстарды, тауарлар мен қызметтерді жеткізушілердің анықтамалары енгізілді, мемлекеттік сатып алуды құқықтық реттеудің жаңа – отандық кәсіпкерлерді қолдау қағидаты белгіленді. Ол жеткізіп берушінің таңдауын реттейтін Заң рәсімдері қолданылмай жүзеге асырылатын тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу кезінде де сақталуға тиіс.

Конкурстық бағалық ұсынысқа әсер ететін өлшемдер толықтырылды, отандық әлеуетті жеткізіп берушілердің таңдауына басымдық беру үшін қазақстандық мазмұнның болуы өлшемімен толықты.

Өтінім берілген шартты бағалар тең болған жағдайда отандық жеткізіп берушілерді жеңімпаз деп айқындайтын міндетті шарт қарастырылады.

Қазіргі уақытта барлық азаматтар мен заңды тұлғалар «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жариялануға жататын мәліметтер туралы ақпаратқа толық қол жеткізе алады.

Электрондық мемлекеттік сатып алу жүйесі туралы толық ақпаратты уәкілетті органның www.goszakup.kz веб-порталынан табуға болады, сонымен қатар мұнда Мемлекеттік сатып алу бюллетеньдерінің электрондық басылымы, шарттар, тапсырыс берушілер, жауапсыз әлеуетті жеткізіп берушілердің тізілімдері бар.

Электрондық мемлекеттік сатып алу жүйесіндегі «Бағалық ұсыныстарға сұрау салу» модулі жұмыс істейді.

ҒЫЛЫМДЫ ДАМУ – БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ ЭКОНОМИКАНЫҢ НЕГІЗІ

Ғылымның өндіріспен байланысын күшейту, қазақстандық кәсіпорындарда отандық ғалымдар мен инженерлердің әзірлемелерін енгізу

Қазақстанда алғаш рет топырақты мұнайдың ластауынан тазалауға арналған тиімділігі жоғары отандық биопрепарат әзірленіп, өнеркәсіптік ауқымда өндірілді және табысты пайдаланылды. Препарат 3 га жуық алаңдағы топырақтың 12000 тонна ластануын толығымен тазалайды.

Биотехнология бойынша бағдарламаны іске асыру шеңберінде ресейлік ғалымдармен бірге әлемде тұңғыш рет қызылшаға қарсы вакцина әзірленіп, клиникаға дейінгі зерттеулер аяқталды және клиникалық сынақтар басталды. Жарақаттар мен күйікті емдеуге арналған жаңа «Ферим» биотехнологиялық препараты әзірленді. Препарат республикада тіркелді және фармакөшірмесі бар.

Дәстүрлі және биотехнологиялық әдістерді пайдалану негізінде бидайдың құрғақшылыққа және түрлі ауруларға төзімді Мирас, Надежда, Әлем және Бәйтерек деп аталатын 4 түрі жасалды. Өнімділігі бойынша жаңа сұрыптар стандарттардан 5-8 ц/га артық. Бұл сұрыптар Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Алматы және Оңтүстік Қазақстан областарына жерсіндірілді.

Фармацевтика саласында 2010-2012 жылдарға арналған «Өсімдік шикізатынан жаңа тиімді дәрілік препараттар әзірлеу және халықаралық GMP стандарттары бойынша олардың өндірісін ұйымдастыру» халықаралық ғылыми-техникалық бағдарлама жобасы бойынша жұмыс жүргізілуде. Бағдарламаны іске асыру халықаралық GMP стандарттарына сәйкес отандық фармацевтикалық өндірісті дамытуға, отандық түпнұсқа фармацевтикалық өнім ассортиментін арттыруға; республика халқын және медициналық

мекемелерді қамтамасыз ету үшін жаңа тиімді дәрілік фитопрепараттарды өндіруге ықпал ететін болады.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Қарағанды қаласында түпнұсқалық фитопрепараттарды өндіру жөніндегі фармацевтикалық кешен құру отандық түпнұсқалық бәсекеге қабілетті дәрілік құралдарды өнеркәсіптік өндіріске енгізуге мысал болып табылады.

Бүгінгі күні бұл зауыт ісікке қарсы «Арглабин» препаратын өнеркәсіптік өндіруді жүзеге асыруда.

Шетелден жоғары білікті ғалымдар мен инженерлік кадрларды тарту

Қазіргі уақытта еліміздің ғылыми-техникалық саласына отандас ғалымдарды тұрақты жұмысқа қайтару мақсатында «Ғылым туралы» Заңда ғылыми дәрежелермен қатар шетелдік мемлекеттер берген академиялық дәрежелер беру туралы құжаттарды Қазақстан Республикасында тану тәртібі көзделген. АҚШ-тан, Жапониядан, Оңтүстік Кореядан, Израильден, Ресейден биотехнологиялар, нанотехнологиялар және физика-техникалық бағыттар бойынша жоғары сыныпты мамандар шақырылды.

Шетелден Қазақстанға шақырылған ғалымдардың жұмыс істеуі және өмір сүруі үшін тартымды жағдайлар жасау мәселелері қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Парламентінің қарауында жатқан жаңа редакциядағы «Ғылым туралы» Заңның жобасында көзделген.

Ғылыми жұмыстың беделін арттыру және жас ғалымдарды ғылыми қызметке тарту үшін жағдайлар жасау

Ғылымды дамытудың 2007-2012 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарында қазақстандық ғалымдарды, оның ішінде дарынды жас ғалымдарды шетелдік ғылыми орталықтарда тағылымдамадан өткізуді ұйымдастыру көзделген. Ағымдағы жылы бұл мақсаттарға 100 млн. теңге сомасында қаржыландыру жоспарланған.

2009 жылы шетелдегі қазақ диаспорасын тарта отырып, ғылыми жобаларды іске асыруға республикалық бюджеттен 159 млн. теңге, «Ғылым саласындағы халықаралық ынтымақтастық» бағдарламасының шеңберінде - 377,5 млн. теңге көзделген.

Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия басым ғылыми мамандықтарды ескере отырып, Президенттің «Болашақ» халықаралық стипендиясы берілетін мамандықтардың тізбесіне түзетулер енгізді. Ауылдық жерлердегі дарынды жастар үшін «Болашақ» халықаралық стипендиясының қол жетімді болуын кеңейту жұмысы жүргізілуде. «Болашақ» жүйесі бойынша ғылыми қызметкерлерге арналған оқыту бағдарламасы іске асырылуда.

ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙЛАНАУДАН ТҮСЕТІН

КІРІСТЕРДІ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ

Табиғат байлықтарын пайдалануға мемлекеттік және қоғамдық бақылауды күшейтуге, жер пайдаланушылардың жауапкершілігін арттыруға

Мұнай-газ компанияларының бекітілген бағдарламалар шеңберінде газды пайдаға асыру жөніндегі іс-шараларды орындауы бойынша олардың қызметіне ұдайы мониторинг жүзеге асырылады.

Жалпы газды пайдаға асыру бойынша елеулі өзгерістер болды, жер қойнауын пайдаланушылардың осы мәселеге көзқарасы жақсы жағына қарай өзгерді, олар экологиялық іс-шараларға қаржыны көбірек инвестициялап, газды пайдаға асыру іс-шараларын орындауға көңіл аудара бастады. Бұл проблема компаниялар қызметінің басты мәселелерінің бірі болуда.

Жер қойнауын пайдалану саласында «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Заңға сәйкес жер қойнауын пайдаланушылардың лицензиялық келісім-шарт міндеттемелерін орындауына ұдайы негізде мониторинг және бақылау жүргізіледі.

2009 жылдың 1 шілдесіндегі жағдай бойынша минералдық-шикізат кешені қойнауын пайдалануға келісім-шарттардың саны 876 құрады, олардың ішінде көмірсу шикізатына (КСШ) – 222, қатты пайдалы қазбалар (ҚПҚ) – 436 және жерасты суларына (ЖС) – 218.

Келісім-шарт талаптары бойынша өз міндеттемелерін орындамаған компаниялармен 2009 жылдың басынан бастап 25 келісім-шарт, оның ішінде КСШ бойынша 5 келісім-шарт, ҚПҚ бойынша 14 келісім-шарт және ЖС бойынша 6 келісім-шарт бұзылды.

2009 жылдың басынан бастап заң бұзушылықтарға байланысты жер қойнауын пайдаланушыларға лицензиялық келісім-шарт міндеттемелерінің бұзылғаны туралы 471 хабарлама жіберілді.

2009 жылдың бірінші жарты жылдығында жер қойнауын пайдалану мәселелері бойынша мемлекеттік мүдделерді соттарда қорғау жүзеге асырылды.

Келісім-шарттар және оларға қосымшалардың жобаларына құқықтық сараптама жүргізу жөнінде, министрліктің сарапшылар комиссиясы қарап жатқан жер қойнауын пайдаланушылардың келісім-шарт міндеттемелерін өзгерту туралы өтініштері бойынша жұмыс жүргізілуде.

Жер қойнауын пайдаланушылардың лицензиялық келісім-шарт талаптарын орындауына, жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнама талаптарын, жер қойнауын тиімді және кешенді пайдалану талаптарын сақтауына бақылау жүзеге асырылады.

Қазіргі уақытта жер қойнауын пайдаланудың жай-күйін бақылау мемлекеттік бақылаудың 3587 объектісі бойынша жүргізіледі.

2009 жылдың 1-ші жарты жылдығында жер қойнауын пайдалану объектілерінде 608 жоспарлы тексеру жүргізіліп, жер қойнауы туралы заңнама талаптарын бұзудың 825 оқиғасы анықталды, 661 ұйғарым беріліп,

6 объектіде жұмыс тоқтатылды, 147 объект бойынша материалдар құқық қорғау органдарына берілді, анықталған заң бұзушылықтар бойынша 606 жеке және заңды тұлғаға 53824,5 мың теңге айыппұл салынып, жер қойнауын тиімсіз пайдаланғаны үшін, негізінен мұнай газын нормативтен тыс жаққаны үшін 782719,8 мың теңгеге зиянның орны толтырылды.

Мұнай өндіру және тау-кен металлургиясы салаларының ашықтығын қамтамасыз етуге ұмтылатын боламыз

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен «Қазақстан Республикасының мұнай-химия өнеркәсібін дамытудың 2008-2013 жылдарға арналған бағдарламасының» жаңа редакциясы бекітілді.

Көрсетілген Бағдарламаға сәйкес 2009-2010 жылдары Қазақстанда өзара байланысты әлемдік деңгейдегі мұнай-химия кешендерінің құрылысы басталады.

Барлық инвестициялық жобалар бойынша қазіргі уақытта техникалық-экономикалық негіздемелер әзірленді, жобалау-сметалық құжаттама аяқталу сатысында.

Бұл кешендерді пайдалануға енгізгеннен кейін (2011, 2012, 2014 жылдары) мұнай-химия өнімінің **80 %** экспортқа шығару жоспарлануда, 20% ішкі пайдалану үшін қалдырылады. Полиэтилен, полипропилен, бензол, параксиллол, терефтал қышқылы, полиэтилентерефталат, этилбензол, поливинилхлорид, сондай-ақ автожолдар салу кезінде республиканың қажеттілігін қамтамасыз ететін жол битумы сияқты мұнай-химия өнімдерінің түрлерін өндіру жоспарлануда.

ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛІКТІ ҚОЛДАУ

2009 жылдың бірінші жарты жылдығында республикада шағын бизнестің **635,4 мыңнан астам кәсіпорны** қызметін жүзеге асырды, оған **1769,3 мың** адам (экономикалық белсенді тұрғындардың **21,2 %**) тартылды. **2008 жылға** қарағанда шағын бизнес субъектілері өндірген өнім көлемі 10% артты.

Бәсекелестікті дамыту шеңберінде заңнамалық база жетілдірілді, 2008 жылы жеке уәкілетті мемлекеттік орган – **Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау агенттігі** құрылды.

Кәсіпкерлік мәселелері бойынша нормативтік құқықтық базаны жетілдіруге, әкімшілік кедергілерді жоюға

Кәсіпкерлік саласындағы заңнамалық базаны жетілдіру мақсатында Индустрия және сауда министрлігі жеке кәсіпкерлік субъектілерін тексеруді реттеуге және оңтайландыруға бағытталған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жеке кәсіпкерлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірледі.

Заң жобасы «бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі» түсінігін енгізуді, кәсіпкерлердің аккредиттелген бірлестіктерінің сараптамалық қорытындылар ұсыну, сарапшылар кеңестерінің қызметі ережелерін жетілдіруді, «Жеке кәсіпкерлік туралы» Заңның нормаларын шағын кәсіпкерлік субъектілерін қаржылық қолдау бөлігінде «Мелекеттік сатып алу туралы» Заңның нормаларына сәйкес келтіруді көздейді. Сондай-ақ бизнес-инкубаторлар, кәсіпкерлікті қолдау орталықтарын құру және олардың қызмет ету тәртібін бекітуде Үкіметтің өкілеттігі жойылды, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне мүліктік жалға (жалға алуға) немесе мемлекеттік меншіктің пайдаланылмайтын объектілерін кейіннен меншікке өтеусіз беру құқығымен сенімді басқаруға беру саласындағы Үкіметтің құзыреті нақталанды.

Елдің бизнес-климатын жақсартуға және Дүниежүзілік Банктің «Doing business» рейтингінде Қазақстанның позициясын көтеруге ерекше көңіл бөлінеді.

«Doing business» рейтингінде Қазақстанның позициясын көтеру бойынша бизнес ортасын жақсарту (BEI) жөніндегі және сауда және кеден реформасын либерализациялау (RTLC) жөніндегі Қазақстан Республикасының Үкіметі мен USAID жобаларының 2008-2010 жылдарға арналған бірлескен іс-әрекет жоспары мынадай бағыттар бойынша іске асырылды:

1. Нормативтік құқықтық актілерді түзету (7-і қабылданды, 3 нормативтік құқықтық акт Парламенттің қарауында);

1) «Меншікті тіркеу» индикаторы бойынша:

- тұрғын үйдегі адам тұрмайтын үй-жайға, құрылысқа, тұру мақсатынсыз бір объекіден тұратын мүліктік кешенге құқықтарды және жер учаскесіне тиісті құқықты тіркеу мерзімі 15 жұмыс күнінен 10 жұмыс күніне дейін қысартылды;

- Халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) және оның техникалық сипаттамалары туралы анықтамалар беру жөніндегі және жылжымайтын мүліктің болуы (болмауы) туралы анықтамалар беру жөніндегі мемлекеттік қызметтерді көрсету регламенттері түзетілді;

- Парламент Мәжілісінің қарауындағы нотариат мәселелері бойынша заң жобасына қорытынды әзірленді;

2) «Кәсіпорындар ашу» индикаторы бойынша заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу мәселелері бойынша заң жобасы әзірленді, қазіргі уақытта Парламент Мәжілісінің қарауында;

3) «Құрылысқа рұқсат алу» индикаторы бойынша қала құрылысын салу, сәулет-құрылыс қызметі мәселелері бойынша заң жобасы әзірленді, қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің қарауында;

4) «Инвесторларды қорғау» индикаторы бойынша 2009 жылғы 14 шілдеде «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне төлемдер және ақша аударымдары, бухгалтерлік есеп және қаржылық

ұйымдардың қаржылық есептілігі, банктік қызмет және Ұлттық банктің қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды;

5) «Халықаралық сауда» индикаторы бойынша:

- «Кеден ісі туралы», «Ветеринария туралы», «Карантин туралы» заң жобалары әзірленді, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің қарауында;

- сәйкестікті растау бөлігінде техникалық регламентке өзгерістер мен толықтырулар енгізілді;

- Санитарлық-эпидемиологиялық сараптама жүргізу ережесі түзетілді, оған сәйкес тамақ өнімдерін әзірлеу (құру) шеңберінде ұсынылған үлгілерді қоспағанда, тамақ өнімдеріне санитарлық-эпидемиологиялық сараптама жүргізу күнтізбелік 10 күннен аспауға тиіс.

«Рейдерлікке» тиімді тосқауыл қоятын заңдар қабылдауға
Корпоративтік даулар арқылы бизнесті жұтуға қарсы іс-қимыл саласында заңнаманы жетілдіру мақсатында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне корпоративтік дауларды шешу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 5 шілдедегі Заңымен Азаматтық іс жүргізу кодексіне, «Өндірістік кооператив туралы», «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершіліктегі серіктестіктер туралы», «Ауыл шаруашылығы серіктестіктері және олардың қауымдастықтары (одақтары) туралы», «Акционерлік қоғамдар туралы» заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Корпоративтік даулар түсінігі заңнамалық түрде бекітілді, талап-арызды қамтамасыз ету көлемі нақтыланды, корпоративтік дау бойынша сотта қозғалған іс туралы ақпарат ұсыну тәртібі реттелді, ірі акционердің бастамасы бойынша акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру және өткізу тәртібі нақтыланды, корпоративтік даулар арқылы бөтеннің мүлкін басып алуға қарсы тұру бөлігінде заңнамада ескерілмеген тұстар толықтырылды.

Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері үшін қаржылық-кредиттік қолдауға салық салу жүйелерін жетілдіруге

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2008 жылғы 6 ақпандағы тапсырмасын орындау үшін әзірленген жаңа Салық кодексі 2009 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілді.

Салық кодексі қазіргі нақты жағдайларды ескере отырып әзірленген және салықтарды есепке алу, төлеу тәртібін жетілдіруге және бизнес үшін салықтық преференцияларды ретке келтіруге бағытталған.

Корпоративтік салық ставкасы 20% дейін азайтылып, ҚҚС салынбайтын кәсіпкерлердің ең төменгі айналымының бастапқы мәні 30 мың

АЕК ұлғайтылды, салық органдарына кәсіпорынның шаруашылық қызметі туралы есеп беру тәртібі оңайлатылды. Сонымен қатар жеке кәсіпкерлерді тіркеу тәртібіне өзгерістер енгізілді, олардың кәсіпкерлік қызметті жүргізуіне аймақтық шектеулер алынып тасталды.

Шағын бизнес және аграрлық сектор субъектілері үшін арнайы салықтық режимдер сақталып қалды, бұл ретте олардың кірісі 200 еселік ең төменгі жалақы көлеміне дейін арттырылды, арнайы салықтық режимді қолдану аясы кеңейтілді.

Дағдарыс жағдайында шағын және орта бизнесті қолдаудағы Үкіметтің рөлі артуда, жобаларды қаржыландыру нысандары мен тетіктері жетілдірілуде.

Экономиканы және қаржылық жүйені тұрақтандыру жөніндегі 2009-2010 жылдарға арналған Үкіметтің, Ұлттық Банктің және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау агенттігінің бірлескен іс-әрекет жоспарын іске асыру шеңберінде тұрақтандыру бағдарламасының III-траншы жүзеге асырылды (127 млрд. теңге, оның ішінде 10 млрд. теңге «АТФ Банк» АҚ қаражаты). Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерімен 2488 шарт жасалды, бұл ретте қайта қаржыландыру үлесі жалпы игерілген соманың 52% немесе 65 881 млн. теңгені құрады.

АУЫЛДЫ ДАМУ

Ауылдың инфрақұрылымын дамытуға, қазақстандық барлық ауылдарды сумен, байланыспен және сапалы жолдармен қамтамасыз етуге

Ауылды дамыту мемлекет қызметіндегі басым міндеттердің бірі болып табылады. Бүгінгі күні ауылдық жерлерде 7,3 млн. адам немесе республика халқының 46,7% тұрады. Республика бойынша барлығы 7093 ауылдық елді мекен бар.

Жалпы Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру кезеңінде экономикалық қызметті дамыту, әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым салуды, жөндеуді және жаңғыртуды инвестициялау бойыншы бірқатар шаралар қабылданды.

2009 жылғы 1 шілдеде республикалық бюджеттен ауылдық жерлердегі білім беру, денсаулық сақтау және сумен жабдықтау объектілерін жаңғыртуға 40,1 млрд. теңге бағытталды, оның ішінде: білім беру - 9,5 млрд. теңге, денсаулық сақтау - 11,1 млрд. теңге және сумен жабдықтауға - 19,5 млрд. теңге. Көрсетілген кезеңде 26 білім беру объектісі, 29 денсаулық сақтау объектісі, 155 ауыз сумен қамтамасыз ету объектісі және жергілікті маңызы бар 228 шақырым жол құрылысы салынып, жаңғыртылды.

Қазіргі сәтте жергілікті бюджет қаражаты есебінен 292 денсаулық сақтау объектісіне, 521 білім беру объектісіне және 40 ауыз сумен қамтамасыз ету объектісіне күрделі жөндеу жүргізілуде.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 6 наурыздағы «Дағдарыстан жаңару мен дамуға» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті жоспары (Жол картасы) әзірленді, оның шеңберінде жергілікті маңызы бар, сондай-ақ қалалар мен елді мекендердің жалпы ұзындығы 2777 шақырым автомобиль жолдары құрылысына, оларды жаңғыртуға және жөндеуге 49,892 млрд. теңге бөлінді. Бөлінген қаржының 31,076 млрд. теңгесін республикалық бюджеттен мақсатты трансферттер және 18,816 млрд. теңгесін жергілікті бюджеттерден қоса қаржыландыру құрайды.

Ағымдағы жылдың 6 айының қорытындысы бойынша 717,4 шақырым жол жөнделіп, 500,7 мың шаршы метр жолдардың ойығына жөндеу жүргізілді. Осы құрылыс-монтаж жұмыстарын орындау үшін 50 852 жұмыс орны ашылып, 17,106 млрд. теңге игерілді.

Ауыз сумен қамтамасыз ету объектілерін салуға, жаңғыртуға және күрделі жөндеуге 2009 жылға республикалық бюджеттен 35,5 млрд. теңге, жергілікті бюджеттен 5,3 млрд. теңге бөлінді.

Көрсетілген қаржыға 2009 жылы 1600 шақырым ауыз сумен қамтамасыз ету жүйесін салу, жаңғырту және күрделі жөндеуден өткізу, 645 елді мекенді сумен жабдықтауды жақсарту жоспарлануда.

Ағымдағы жылдың 1 шілдесіндегі жағдай бойынша адам саны 50-ден аз ауылдарды қоса алғанда, орталықтандырылған электрмен жабдықталған Қазақстан Республикасының барлық ауылдық елді мекендерін телефонизациялау аяқталды.

Ауыл адамдарына медициналық қызмет көрсетудің сапасын арттыруға, ауылдағы жедел медициналық көмек жұмысын жақсартуға

Ауылдық елді мекендерге денсаулық сақтау және білім беру мамандарын тартуды ынталандыру мәселесіне бұрынғысынша жеткілікті көңіл бөлінбейді. Қазіргі уақытта қолданыстағы заңнама шеңберінде ауылға қайтып келген жас мамандарды жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша қызметтік баспанамен және басқа да әлеуметтік қолдаумен қамтамасыз ету бойынша жұмыс жүргізілуде.

Ауылдық денсаулық сақтау объектілері **5977 ауылдық елді мекенде бар**. Ауылдық елді мекендерді (бұдан әрі - АЕМ) әлеуметтік-экономикалық дамытудың жыл сайынғы мониторингінің нәтижелері жергілікті және орталық атқарушы органдар ауылдық денсаулық сақтау жүйесін дамыту жұмыстарын жүргізіп жатқанын көрсетеді.

1,5 мыңнан астам дәрігерлік амбулатория және 3,8 мыңнан астам медициналық пункт желісі типтендірілді.

2009 жылдың 1 шілдесінде ауылдық денсаулық сақтау объектілерін салу, жаңғырту үшін 2,8 млрд. теңге игерілді.

Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау жүйесін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес Денсаулық сақтау министрлігі 2004 жылдан бастап «Ауылдық (селолық) жерде телемедицинаны және мобильдік медицинаны дамыту» инвестициялық жобасын іске асыруды жүзеге асыруда.

Білікті кадрлардың тапшылығы өзекті мәселе күйінде қалып отыр. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының денсаулық сақтау басқармаларының деректері бойынша дәрігер кадрларға жалпы қажеттілік шамамен **4,6 мың** адамды құрайды.

Облыстар әкімдіктерінің деректері бойынша 2009 жылы ауылдық жерлерде жұмыс істеу үшін **қосымша 2790 дәрігер мен медициналық қызметкер қажет.**

2009 жылдың 1 қаңтарынан бастап «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ауылдық елді мекендердің әлеуметтік сала қызметкерлерін әлеуметтік қолдау және ынталандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 24 желтоқсандағы № 111-IV Заңы күшіне енді.

Заң жұмыс істеу және тұру үшін ауылдық елді мекендерге келген білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына мынадай шаралар ұсынуды қарастырады:

а) 70 АЕК мөлшерінде (90 мың теңге) біржолғы келу жәрдемақысын төлеу;

б) тұрғын үй сатып алу үшін әлеуметтік қолдау – 15 жыл мерзімге бюджеттік несие, сыйақы ставкасы 0,01%, 630 АЕК мөлшерінде (800 мың теңгеден астам);

в) ауылдық елді мекендерде орналасқан әлеуметтік сала мекемелерінің қызметкерлеріне лауазымдық жалақысын (тарифтік ставкаларды) кемінде 25 % көтеру.

Ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдейтін кәсіпорындарға жеңілдікпен несие беруді және ауыл шаруашылығы өндірісі сақтандыру жүйесін дамытуға

Агроөнеркәсіптік кешен салаларына көрсетілетін тікелей мемлекеттік қолдау шараларының бірі несиенің пайыздық ставкасын арзандату арқылы айналым қаражатын толықтыруға арналған **несиелік ресурстардың қол жетімділігін қамтамасыз ету** және сапа менеджменті жүйесін енгізу бойынша кәсіпорындар шығынының бір бөлігін субсидиялау болып табылады.

«ҚазАгро» АҚ компаниялар тобы арқылы АӨК несиелендіруге 88,7 млрд. теңге немесе өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 156,1% бағытталды, оның ішінде ауыл шаруашылығы өнімін өндіру жөніндегі

жобаларды несиелендіру көлеміне – 84,8 млрд. теңге, ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу жөніндегі жобаларға – 3,9 млрд. теңге бөлінді.

Экономиканы және қаржы жүйесін тұрақтандыру жөніндегі Үкіметтің, Ұлттық Банктің және ҚҚА-ның 2009-2010 жылдарға арналған бірлескен іс-әрекет жоспарының 11 инвестициялық бағыты шеңберінде инвестициялық жобаларды іріктеу жөніндегі бірінші кезеңінің қорытындысы бойынша жалпы қаржыландыру сомасы **25 494,47 млн. теңгеге 20 жоба** мақұлданды.

Жалпы алғанда 2006-2009 жылдары қаржыландыру есебінен қазіргі уақытта «ҚазАгро» АҚ еншілес компаниялар тобы 2,5 мың жұмыс орнын аша отырып, жалпы сомасы 34,5 млрд. теңге 65 инвестициялық жобаны іске асыруда, олардың ішінен шамамен 2,3 мың жұмыс орнын аша отырып, ағымдағы жылы 59 жобаны пайдалануға енгізу жоспарлануда.

Ұлттық қордан бөлінген қаражат шеңберінде отандық ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерді қолдау мақсатында ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге 2009 жылы көктемгі дала жұмыстары мен өнім жинау жұмыстарына дайындық және өткізуге жеңілдікпен несиелер ұсынылады. Банктік несиелер іс жүзінде болмай отырған жағдайда бұл ауыл шаруашылығы құрылымдарына алдағы көктемгі дала жұмыстарына дайындалу және оларды жоспарланған көлемде оңтайлы мерзімдерде және жоғары сапамен өткізу үшін қажетті жағдайлар жасауды білдіреді.

2009 жылдың 17 шілдесіндегі жағдай бойынша көктемгі дала және жинау жұмыстарын жүргізуге АӨК субъектілері **65,4 млн. теңгеге** қаржыландырылды, **өтінімдер саны 551** болды.

Ауылда қаржы инфрақұрылымын дамыту мақсатында «Ауыл шаруашылығын қаржылық қолдау қоры» (бұдан әрі – Қор) АҚ-ның қатысуымен 2008 жылдан бастап 51 МНҰ құрылды, олар жалпы сомасы 2,3 млрд. теңгеге несиелендірілді, оның ішінде ағымдағы жылы Қор 8 микронесиелік ұйымды сомасы 164,5 млн. теңгеге несиелендірді.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу жөніндегі кәсіпорындарға одан әрі мемлекеттік қолдау көрсету мақсатында 2009 жылы республикалық бюджеттен ауыл шаруашылығы өнімін өңдеу жөніндегі кәсіпорындарға олардың негізгі және айналым қаражатын толықтыру үшін қаржы институттары беретін несиелер бойынша сыйақы ставкаларын (мүддесін) субсидиялауға сомасы 2,3 млрд. теңге қаражат бөлу көзделген.

Өнімнің ішінара немесе толық жойылуына әкеп соғатын қолайсыз табиғи құбылыстар зардаптарынан өсімдік өсіру өнімін өндірушінің мүліктік мүдделерін тиімді қорғау мақсатында сақтандыру компаниялары арқылы өсімдік өсіру саласында міндетті сақтандыру жүйесі енгізілді. Сонымен қатар фермерлердің мүліктік мүдделерін қорғаудың перспективалық және өз мүшелерінің нақты сақтандыру қажеттіліктерін ескеретін институттарының бірі ретінде **Өзара сақтандыру қоғамы** арқылы баламалы сақтандыру жүйесі көзделген.

2009 жылы сақтандыру компаниялары мен өзара сақтандыру қоғамдары жалпы алаңы 7,58 млн. га болатын 11535 шарт жасасты, сақтандыру сыйақысының сомасы 586 млн. теңгені құрайды, сақтандыру сомасы – 26 млрд. теңгеден астам, оның ішінде:

- сақтандыру компаниялары жалпы алаңы 3450319 га 7280 шарт жасасты, сақтандыру сыйақысының сомасы 295929 мың теңгені құрайды, сақтандыру сомасы – 11629391 мың теңге;

- өзара сақтандыру қоғамдары жалпы алаңы 4133099 га 4255 шарт жасасты, сақтандыру сыйақысының сомасы 290562 мың теңгені құрайды, сақтандыру сомасы – 14956514 мың теңге.

Қазіргі заманғы ғылым мен техника жетістіктерін енгізу, жер өңдеудің озық әдістері негізінде ауыл шаруашылығы өндірісін тұрақты жаңғыртуға қол жеткізетін боламыз

Индустриализация, техникалық және технологиялық қайта жарактау арқылы агроөнеркәсіптік кешеннің бәсекеге қабілеттілігі мен инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін көрсетілетін қызметтер спектрін кеңейте отырып, лизинг шарттары ұдайы жетілдірілуде. Осы мақсаттарда 2008 жылдан бастап қайта өңдеу және арнайы техниканың лизингі бойынша сыйақы ставкасын субсидиялау жөніндегі жаңа бюджеттік бағдарламаны іске асыру басталды.

Ағымдағы жылдың бірінші жарты жылдығында «ҚазАгроҚаржы» АҚ сомасы 13,2 млрд. теңгеге несие берді, 934 бірлік ауыл шаруашылығы техникасы, оның ішінде трактор – 361 бірлік, дән себу кешені - 108 бірлік, комбайн – 303 бірлік, 42 бірлік арнайы техника және 5 бірлік қайта өңдеу жабдығы сатып алынды.

Барлық жобалар Ресейдің, Германияның, Голландияның, Израильдің жетекші өндірушілерінің жоғары өнімді жабдықтары базасында ауыл шаруашылығы өнімін өндіру мен қайта өңдеудің қазіргі заманғы технологияларын қолдана отырып, іске асырылатын болады, бұл АӨК дамудың жаңа сапалық деңгейге көтеруге мүмкіндік береді.

Дағдарысқа қарсы шаралар шеңберінде агроөнеркәсіптік секторда басым бағыт болып тамшылатып суару технологиясын қолдана отырып, жеміс-көкөніс дақылдарын өндіруді дамыту айқындалды.

«No-Till» тамшылатып суару және топырақ өңдеу жүйелері «ҚазАгроҚаржы» АҚ қаржыландыратын негізгі ресурс сақтаушы технологиялар болып табылады. «No-Till» технологиясын қолданудың арқасында себу жұмыстары кезінде пайдаланылатын техника саны азаяды, отын шығыны айтарлықтай кемиді, тартылатын адам ресурстарының саны қысқарады.

2007 жылдың басынан бастап жалпы сомасы 2296,5 млн. теңгеге «No-Till» технологиясы бойынша жұмыс істейтін 109 себу кешені, оның ішінде 2007 жылы – сомасы 467,1 млн. теңгеге 20 бірлік; 2008 жылы – 1669,8 млн.

теңгеге 82 бірлік; 2009 жылы – сомасы 159,6 млн. теңгеге 7 бірлік сатып алынып, лизингке және займға берілді.

ТҰРАҚТЫЛЫҚ ПЕН ҰЛТАРАЛЫҚ КЕЛІСІМДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Ағымдағы жылдың басынан бастап елдегі қоғамдық-саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында «Нұр Отан» партиясының бастамасымен еліміздің қоғамдық институттарының өкілдері меморандумдарға қол қойды.

2009 жылғы 12 наурызда **Экономикалық дағдарыс жағдайында қоғамдық бірлестіктермен бірге әлеуметтік және саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету туралы меморандумға** қол қойылды. Бұл меморандум дағдарыс қатерлері мен зардаптарына қарсы тұру үшін ішкі саяси тұрақтылықты сақтау және күштерді біріктіру үшін негіз болуға бағытталған. Меморандумға қол қоюға қоғамдық бірлестіктердің белгілі 18 басшысы қатысты.

2009 жылғы 13 наурызда **Саяси партиялармен қоғамдық-саяси тұрақтылықты сақтау жөніндегі өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы меморандумға** қол қойылды. Меморандумның басты мақсаты – қоғамды біріктіру және халықтың бірлігін нығайту. Бұл Меморандум ішкі саяси тұрақтылықты сақтау жөніндегі өзге саяси партиялармен келісілген әрекеттерді әзірлеуге бағытталған.

2009 жылғы 7 сәуірде осы **Меморандумға** қол қойған 6 саяси партияға «Ақ жол» ҚДП қосылды.

Республиканың барлық өңірлерінде саяси партиялармен және азаматтық қоғам институттарымен өңірде саяси және әлеуметтік тұрақтылықты сақтау жөніндегі өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы осындай меморандумдарға қол қойылды.

Меморандум ұсыныстардың саяси блогын, оның ішінде дағдарыстан шығу шараларын әзірлеу және дағдарыстан кейінгі кезеңде елді одан әрі дамытуды талқылау бойынша отандық және шетелдік сарапшыларды шақыра отырып, диалогтық алаңдар құруды көздейді.

Осыған байланысты **Дағдарысқа қарсы шаралар әзірлеу жөніндегі партияаралық кеңес** құрылды, оның құрамына жеті саяси партияның өкілдері енді. Қазіргі уақытта Партияаралық кеңестің 3 отырысы өтті, оларда агроөнеркәсіптік кешенді дамыту, шағын және орта бизнес проблемалары, Қазақстан Республикасы халқының еңбекпен қамтылуы сияқты өзекті мәселелер талқыланды.

Сонымен қатар халықты толғандыратын нақты мәселелерді шешу үшін қоғамдық күштерді біріктіру мақсатында партия өзге саяси партиялармен, қоғамдық бірлестіктермен қарым-қатынастарды дамытуда. Бұл қызметтің құрамдас бөлігі партия филиалдарының жанынан құрылған **пікірталас клубтары** болады, олардың жұмысы негізінен халықтың әлеуметтік-

экономикалық проблемаларын кеңінен талқылауға және шешу жөнінде шаралар әзірлеуге бағытталған.

Әлеуметтік қақтығыстарды қарау және шешу жөніндегі қоғамдық кеңестер құрылды. Бұл кеңестердің негізгі міндеті туындаған әлеуметтік қақтығыстарды болдырмау және оларды шешу бойынша алдын алу шараларын қабылдаудан тұрады.

Қоғамдық өмірде Қазақстанның әр өңірінде жұмыс істейтін **көптеген этномәдени орталықтар мен бірлестіктер** де маңызды біріктіруші рөлге ие. Біздің партиямыздың бірінші кезектегі міндеті – олардың белсенділігінің артуына көмек көрсету.

Өзінің күнделікті жұмысында партия елімізде этникааралық және конфессияаралық келісімді нығайтуға ықпал ететін түрлі нысандар мен әдістерді пайдаланады. Қазақстан халқы Ассамблеясымен бірге жобалар іске асырылады. 2009 жылғы 30 сәуірде Өскемен қаласында «Нұр Отан» партиясының бастамасы бойынша және Қазақстан халқы Ассамблеясының қолдауымен этномәдени орталықтардың «Келісім. Ынтымақтастық. Тұрақтылық.» атты республикалық конференциясы өтті. Бұл шара этникааралық және конфессияаралық қарым-қатынастарды үйлестіру саласында практикалық жұмысты ғылыми тұрғыдан ойлаудың кезекті сатысы болды.

2009 жылғы 25 маусымда Алматы қаласында «Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы және Мемлекет басшысының «Нұр Отан» ХДП-ның кезектен тыс XII съезінде сөйлеген сөзі бойынша конфессияаралық және этникааралық келісімді нығайтудағы этномәдени бірлестіктердің рөлі» тақырыбында дөңгелек үстел отырыс өтті. Бұл шараның негізгі мақсаты Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың стратегиялық бағыты шеңберінде этномәдени бірлестіктерді біріктіру.

Жергілікті деңгейде партия филиалдары этномәдени орталықтармен белсенді өзара іс-қимыл жасасады, олардың ынтымақтастығы этностар арасындағы достық пен өзара түсіністікті нығайтуға бағытталған.

Қазіргі уақытта «Нұр Отан» ХДП ОА этноконфессиялық салада ақпараттық түсіндіру жұмысын қамтамасыз етуге бағытталған **«Бейбітшілік пен келісім – біздің басты басымдығымыз» түсіндіру бағдарламасының жобасын** әзірлеп жатқанын атап өту қажет.

Қазақстанның саяси жүйесінде үкіметтік емес ұйымдар мен бұқаралық ақпарат құралдарының рөлін кеңейте және тереңдете отырып, азаматтық қоғамның барлық институттарымен белсенді іс-қимыл жасау

«Нұр Отан» ХДП үкіметтік емес сектормен белсенді өзара іс-қимыл жасауды жалғастыруда.

3 маусымда «Нұр Отан» ХДП Павлодар облыстық филиалының және «Невада-Семей» Халықаралық антиядролық қозғалысының Павлодар филиалы» ҚБ бастамасы бойынша «Невада-Семей» антиядролық

қозғалысының 20 жылдығына арналған «Ядролық қатерсіз әлем үшін» тақырыбында дөңгелек үстел отырысы болды. Отырыста Семей ядролық сынақ полигонының зардаптарынан оңалту кезеңіндегі жастардың маңызы туралы, полигонның адамдар денсаулығына, экологиялық ахуалға әсері туралы мәселелер қарастырылды.

Ағымдағы жылдың тамыз айында өткізу жоспарланып отырған Қазақстанның әйелдер ұйымдары форумын өткізу қарсаңында 2009 жылғы 23 маусымда **Қазақстанның үкіметтік емес әйелдер ұйымдарының брифингі** өтті.

Шараға «Іскер әйелдер қауымдастығы» РҚБ, «Республикалық әйелдер кеңесі» ҚБ сияқты әйелдер ұйымдарының жетекшілері қатысты. Әйелдер ұйымдарының жетекшілері Әйелдер ұйымдарының форумын өткізу туралы партияның бастамасын қолдау жөнінде өтініштермен, сондай-ақ отандас әйелдерді барлық күштерін, әрекеттерін біріктіріп, Қазақстан Республикасының Президенті, партия Төрағасы Н.Ә.Назарбаевтың маңына топтасуға шақырып, сөз сөйледі.

2009 жылғы 24 маусымда **«Қазақстандық мүгедектер конфедерациясы» РҚБ бірге брифинг ұйымдастырылды.** Брифингте Қазақстандық мүгедектер конфедерациясы РҚБ төрағасы И.Е.Омарбеков партияның стратегиялық бағытын қолдау бойынша «Нұр Отан» Халықтық демократиялық партиясының бастамаларын қолдау үшін барлық саяси күштерді «Ел бірге – мықты ірге! Вместе – сильная страна!» Республикалық қоғамдық қозғалысын қолдауға шақырып, «Қазақстандық мүгедектер конфедерациясы» РҚБ үндеуін жариялады.

Ұлттық дәстүрлерді, мәдениеттерді, Қазақстанда тұратын барша этностардың тілдерін дамытуға мемлекеттік қолдау көрсетуді күшейтуге

Қазақстан Республикасының саяси этникалық мемлекет ретінде дамуының маңызды басымдықтарының бірі этностардың бірыңғай мәдени топтасуын қалыптастыру болып табылады.

Партия Қазақстандағы барлық этностардың тілін, мәдениетін, дәстүрлері мен салттарын үйлесімді дамыту үшін жағдайлар жасай отырып, мемлекетті құрушы қазақ ұлтының тілін, мәдениетін, салт-дәстүрлерін үйрену идеясын насихаттайды. Бұған партияның белсенді ақпараттық-түсіндіру жұмысы және барлық этностардың мәдениеті мен дәстүріне төзімділік, құрметпен қарауды нығайтудағы күш-жігері бағытталған.

Қазақстанда қазақ және орыс тілдерімен қатар түрлі этностық топтардың тілдері қолданылады және дамуда. Олар тығыз тұратын жерлерде өзбек тілінде оқытатын 65, ұйғыр тілінде оқытатын 14, тәжік тілінде оқытатын 2 мектеп жұмыс істейді. Көптеген мектептерде өзіндік дайындық пәні ретінде 15 ұлттық тіл оқытылады. Сонымен қатар ана тілдері мен мәдениетін оқып-үйрету бойынша факультативтік және үйірме сабақтары жүргізіледі.

Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес этникалық аз халықтардың өкілдеріне ана тілін жексенбілік мектептерде оқытуда мемлекеттік қолдау көрсетіледі, сондай-ақ олардың жанында мемлекеттік тілді оқыту курстары жұмыс істейді. Жексенбілік мектептерді қаржыландыруға бағытталған қаражат көлемі ұдайы артуда. Мысалы егер 2001 жылы 9 млн.теңге бөлінсе, 2009 жылы жексенбілік мектептерді, республикалық ұлттық мәдени орталықтарды қаржылық қолдау көлемі 12 932 мың теңгені құрады.

Жалпы алғанда егер 2001 жылы 173 жексенбілік мектепте 23 ұлттық тіл оқытылса, 2008-2009 оқу жылында мұндай мектептердің саны 190-ға дейін артты, оларда 30 тіл оқытылды.

Қазақстан Республикасы неміс қоғамдық бірлестіктерінің «Возрождение» қауымдастығы өз диаспорасы өкілдерінің мемлекеттік тілді үйренуі бойынша белсенді жұмыс жүргізіп келеді. Қазақ және неміс тілдерін үйретуен қатар Қауымдастық мемлекеттік тілде іс жүргізу негіздерін игеру міндетін қойған.

Мемлекеттік тіл ретіндегі қазақ тілінің қолданылу аясын кеңейтуге, бұл ретте ел азаматтарының конституциялық құқықтарына нұқсан келтірмеуге, ұштағанды тіл саясатын жүргізуге

Мемлекеттік тілдің мәртебесі мен рөлін арттыруға ерекше мән беріледі. **2009 жылғы 12 қаңтарда «Нұр Отан» ХДП мен Мемлекеттік тілді дамытудың Президенттік қоры арасында Өзара қызмет туралы меморандумға қол қойылды.** Бұл құжаттың негізгі мақсаты мемлекеттік тілді насихаттау, мемлекеттік тілді еркін меңгеру үшін жағдайлармен қамтамасыз ету болып табылады.

Меморандумды іске асыру мақсатында 2009 жылға арналған Өзара іс-қимыл және ынтымақтастық жөніндегі жоспар әзірленді, ол мемлекеттік тілді қолдау және дамыту жөніндегі іс-шаралар кешенін өткізуді қарастырады.

2009 жылғы 8 сәуірде **«Мемлекеттік тілді білу деңгейін бағалауды жүйелеу мәселелері» дөңгелек үстелінің отырысы** өткізілді, онда ҚАЗТЕСТ жүйесін енгізу, оны білім және ғылыми ортаның қатысуымен кеңінен талдау мәселелері талқыланды.

Іс-шараға партияның, Мемлекеттік тілді қолдаудың Президенттік қорының басшылары, Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары, орталық және жергілікті атқарушы органдардың, азаматтық қоғам институттарының, ғылыми интеллигенция өкілдері қатысты.

Мемлекеттік тілді дамыту және кеңінен тарату, елдің саяси өміріне жастардың қызығушылығын ынталандыру мақсатында Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттарының, орталық атқарушы органдар өкілдерінің, партия мүшелерінің және «Жас Отан» ЖҚ белсенділерінің қатысуымен **«Жас азаматтың келбеті қандай болуы керек?»** тақырыбында «Азамат – Жастар Парламенті» телебағдарламасының финалдық туры өтті.

Партияның өңірлік филиалдары тек мемлекеттік тілді қолдауға ғана емес, сонымен қатар Қазақстанда тұратын барлық этностардың тілдері мен мәдениетін дамыту және құрметтеу үшін жағдайлар жасауға бағытталған іс-шараларды жүйелі негізде жүргізеді.

Қоғамдағы келісім мен бірлікті нығайтуға бағытталған белсенді ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүргізуге, жастардың бойында төзімділікті тәрбиелеуге, қоғамдық үйлесімді қалыптастыруға қол жеткізетін боламыз

2009 жылдың бірінші жарты жылдығында этникааралық келісімді насихаттау, азаматтық бірегейлікті нығайту, төзімділік сананы қалыптастыру бойынша жұмыс жалғастырылды.

Республикада барлық деңгейдегі ақпараттық-насихат топтарының жұмысы жолға қойылған. Жұмыстың бұл бағытына азаматтық қоғам институттарының, ғылыми және шығармашылық интеллигенцияның, жастар және ардагерлер ұйымдарының өкілдері белсенді тартылуда.

Қазақстан халқы Ассамблеясының үйлестіруші рөлімен этномәдени бірлестіктер диалогтық алаңдар құрып, қоғамдық-саяси іс-шаралар өткізеді.

Этникааралық қарым-қатынастар мәселелерін жариялау, Қазақстанда тұратын этностар мәдениетін танымал ету мақсатында 15 тілде 33 ұлттық басылым шығарылады.

Республикада оқыту толығымен өзбек, тәжік, ұйғыр және украин тілдерінде жүргізілетін 88 мектеп жұмыс істейді. Қазақстандағы 22 этностың тілі дербес пән ретінде еліміздің 108 мектебінде оқытылады.

Сонымен қатар мемлекет этномәдени бірлестіктердің қызметіне мақсатты бағытталған қолдау көрсетеді. Жергілікті бюджет қаражаты есебінен 200-ден астам жексенбілік мектепке қолдау көрсетіледі, бұларда этностардың 30 астам тілінде оқу жүргізіледі.

Алматы қаласындағы Достық үйінің жанынан құрылған Этникааралық қатынастарды зерттеу орталығы этникааралық қатынастар саласына ұдайы мониторинг жүргізеді.

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру шеңберінде этномәдени бірлестіктердің, Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін қолдауға бағытталған жобаларды іске асыру, сондай-ақ этникааралық қатынастарды үйлестіруге бағытталған іс-шараларды өткізу көзделген.

Бүгінгі күнде әлеуметтік салада және азаматтардың мүдделерін іске асыру мәселелерінде мемлекеттік органдар мен «үшінші сектордың» белсенді өзара іс-қимылы жолға қойылған.

Осы бағыттағы нормативтік құқықтық базаның негізін «Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, Қазақстан Республикасында азаматтық қоғам құрудың 2006-2011 жылдарға арналған тұжырымдамасы құрайды.

Бүгінгі таңда елімізде 21 536 коммерциялық емес ұйым (қоғамдық бірлестіктер, қорлар, қауымдастықтар, діни бірлестіктер, кооперативтер,

нотариалдық және адвокаттық палаталар) табысты жұмыс істеуде, олардың 7307-сі қоғамдық бірлестіктер, 2 428-і қоғамдық қорлар, 1219-ы жеке қорлар.

ҮЕҰ мемлекеттік қолдау бағдарламасын іске асыру шеңберінде 2003 жылдан бастап әлеуметтік маңызды жобалардың конкурстары өткізілуде. Жыл сайын ҮЕҰ-ның әлеуметтік маңызды жобаларын мемлекеттік қаржыландыру артып келеді. Тиісінше ҮЕҰ саны өсуде.

Егер 2008 жылы мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асыруға 709,2 млн. теңге бөлініп, 129 қоғамдық ұйыммен 231 шарт жасалса, 2009 жылы осы мақсаттарға 917,2 млн. теңге бөлінді, яғни қаржыландыру көлемі 29,3% артты.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың нақты ұсыныстарын, халықаралық ұйымдардың ұсынымдарын, сондай-ақ қоғамдық ұйымдардың бастамаларын ескере отырып, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың бағыттарын қалыптастырады. Сонымен қатар елдің және жеке өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы деректер, сондай-ақ қоғамдық пікір нәтижелері ескеріледі.

ҚОҒАМДЫ ОДАН ӘРІ ДЕМОКРАТИЯЛАНДЫРУ

2009 жылғы 12 ақпанда «Нұр Отан» ХДП Саяси кеңесі Бюросының кеңейтілген отырысында Қазақстан Республикасының Президенті, партия Төрағасы Н.Ә.Назарбаев берген тапсырмаға сәйкес партияның өңірлік филиалдары ағымдағы жылдың 17 ақпанынан 25 ақпанына дейінгі кезеңде өңірде қоғамдық-саяси тұрақтылықты сақтау жөнінде азаматтық қоғам институттарымен (саяси партиялармен, үкіметтік емес ұйымдармен, ұлттық-мәдени орталықтармен, кәсіподақтармен, бұқаралық ақпарат құралдарымен) **өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы меморандумдарға қол қойды.**

Саяси диалог инфрақұрылымын дамыту бойынша жүйелі жұмысты ұйымдастыру мақсатында Қазақстанның азаматтық қоғамы саяси әріптестігінің жалпыұлттық инфрақұрылымын қалыптастыру тұжырымдамасы, өңірлік пікірталас клубтарының отырыстарын өткізу бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірленді.

Ішкі саясат саласында жаңа басымдықтар контекстінде этникааралық және конфессияаралық қатынастар аясындағы жұмысты күшейту үшін ұлтаралық тұрақтылықты және қоғамдық келісімді нығайтуға бағытталған Идеологиялық және саяси-бұқаралық жұмыс тұжырымдамасы, саяси-бұқаралық жұмысты жетілдіру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар дайындалып, жұмыста пайдалану үшін жіберілді.

МӘДЕНИЕТ ПЕН АДАМГЕРШІЛІКТІ ДАМУ

Мәдениетті қаржыландыруға бөлінген қаражатты екі есеге ұлғайту

2009 жылға арналған бекітілген қаржыландыру жоспарына сәйкес Қазақстан Республикасы МАМ Мәдениет комитеті әкімшілік ететін 14 республикалық бюджеттік бағдарламаны іске асыруға сомасы 13,7 млн. теңге қаражат, оның ішінде 2009 жылдың 6 айына – 11,6 млн. теңге көзделген.

Мәдениеттің бюджеттік ұйымдары қызметкерлерінің табысын кезең-кезеңмен арттыру

2009 жылдан бастап республикалық бюджет сияқты жергілікті бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын мәдени ұйымдар қызметкерлерінің еңбекақысы 25% көбейді.

«Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 23 қаңтардағы № 74 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 24 желтоқсандағы № 1257 қаулысымен 2007 жылы 8712 теңгені құраған базалық жалақы 25 % артып, 10890 теңге сомасында бекітілді.

«Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы № 1400 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес мемлекеттік республикалық музыкалық комедия (ұйғыр, неміс, корей) театрларының, «Салтанат» Мемлекеттік би ансамблінің, «Қазақстан Камератасы» классикалық музыка ансамблінің, «Ақ жауын» Мемлекеттік камералық оркестрінің артистеріне төлемақы 2009 жылдың 1 қаңтарынан бастап 1,72 коэффициенті бойынша төленеді.

Театрды, киноны, музыканы, әдебиетті, кескіндемені және өнердің барлық басқа да жанрларын дамытуды қолдау мен ынталандыру, шығармашылық одақтар қызметіне мемлекет тарапынан жәрдем көрсету

Театр өнері саласында 2009 жылдың I жарты жылдығында республика театрларының шығармашылық-өндірістік қызметін қолдауға бағытталған іс-шаралар өткізілді.

2009 жылдың мамыр айында Алматы қаласында шетелдік шеберлердің қатысуымен театр өнері қайраткерлерінің IX республикалық практикумы өтті, оған Қазақстанның 120 театр қайраткері қатысты. Тұңғыш рет практикум бағдарламасына жарық бойынша суретшілердің жұмысы, осы саладағы жаңалықтар туралы мәселе енгізілді, осыған орай Мәскеуден МАКТ Мектеп-студиясының доценті, РФ Үлкен театры жарықтандыру аппаратурасының бас технологы Е.П. Древалева шақырылды.

2009 жылдың 14-18 наурызында Әбу-Даби, Дубай қалаларында Қазақстан Республикасының Біріккен Араб Әмірліктеріндегі күндері өтті.

2009 жылдың 16 наурызында Әбу-Даби қаласында «Эмиратс Палас» қонақ үйінің концерт залында салтанатты концерт болды, сондай-ақ Қазақстан Республикасы мен БАӘ мемлекет басшыларының қатысуымен

Қазақстан Республикасының Біріккен Араб Әмірліктеріндегі күндеріне арналған «Ұлы дала сазы» көрмесі өтті.

2009 жылдың 5-9 маусымында Ашхабад қаласында Қазақстан Республикасы мәдениетінің Түрікменстандағы күндері өтті.

2009 жылдың 12-17 маусымында Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер Басшыларының кеңесі шеңберінде ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің көпжақты мәдени ынтымақтастығының 2008–2009 жылдарға арналған жоспарына сәйкес Екатеринбург қаласында ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің V Халықаралық мәдени фестивалі өтті.

Өнер саласында балалар-жасөспірімдер білім беру мекемелерін қолдаудың шараларын күшейту, ауылдық жерлердегі кітапхана жүйесін, клубтарды қалпына келтіру мен дамыту

Балалардың көркемөнерпаздар ұжымдарын және қызығушылықтары бойынша клубтар мен үйірмелерді, студияларды, әуесқойлық бірлестіктерді дамытуды қаржыландыру кезең-кезеңмен артып келеді. Демалыс мекемесінің кешенді моделімен қатар республикада мекемелердің жаңа түрлерінің желілері дами бастады.

Бірқатар областарда **мәдени және білім беру мекемелерінің күштерін біріктіру** идеясы іске асырыла бастады: көптеген мәдени мекемелердің базасында мәдени-білім беру орталықтары құрылып, балалар ұжымдарын қолдау бойынша көптеген жұмыс атқарылуда, балалар мен жастар ұжымдарының шығармашылық және концерттік қызметіне жағдайлар жасалуда. Мысалы 2009 жылдың бірінші жарты жылдығында республика бойынша ауылдық жерлердегі түрлі жанрлардағы балалардың шығармашылық ұжымдарының саны 3814 болды, оның ішінде: хор және вокал - 870, ән-би ансамбльдері – 66, фольклорлық – 102, халық аспаптары оркестрлері – 273, хореографиялық – 2110, драмалық – 402, эстрадалық – 353, «Халықтық» (үлгілі) атақтары бар ұжымдар – 23. Республика бойынша балалардың көркемөнерпаздар шығармашылығы ұжымдарының саны 67 955 адамға жуық.

Әдебиет пен өнердің болашағы бар қайраткерлеріне стипендиялармен және гранттармен қолдау көрсету

Мәдениет және ақпарат министрлігі 2009 жылдың мамыр айында «Үздік опералық шығармалар», «Үздік драмалық шығармалар», «Үздік балет шығармалары», «Үздік камералық шығармалар», «Үздік әндер» номинациялары бойынша «Тәуелсіздік толғауы» республикалық конкурсының өткізілетіні туралы жариялады.

Конкурстың негізгі мақсаты театрлар мен концерттік ұйымдардың репертуарларын көркемдігі жоғары, жарқын шығармалармен толықтыру, мәдениет қайраткерлерін материалдық ынталандыру болып табылады.

Сонымен қатар жыл сайын ҚР Үкіметінің қаулысымен мәдениет пен өнердің үздік қайраткерлеріне мәдениет саласындағы мемлекеттік стипендия бөлінеді.

Тарихи-мәдени, архитектуралық ескерткіштерді қалпына келтіру мен сақтауға бағытталған «Мәдени мұра» бағдарламасын іске асыруды жалғастыру

«Мәдени мұра» Ұлттық стратегиялық жобасын іске асыруға ағымдағы жылы республикалық бюджеттен 2 053,215 млн. теңге бөлінді, ол бағдарламаның негізгі басымдықтары бойынша іс-шаралар өткізуге бағытталды.

Ағымдағы жылдың басынан бастап Берел зиратына археологиялық қазба жұмыстарын жүргізу барысында табылған алтын бұйымдарды қалпына келтіру және консервациялау жұмыстары басталды.

Ежелгі Сауран ескерткіштері және Шахристанның басты қақпалары қалпына келтірілуде. Ағымдағы жылдың қараша айында «Есік» Мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайының құрылысын аяқтау жоспарлануда.

Қазақстанда мәдени туризмді дамыту мақсатында мұражай-қорықтарды қайта жандандыру жолын айқындайтын Бас жоспар әзірлеу басталды. Жобаның негізгі мақсаттарының бірі Ұлы Жібек жолының басты тармақтарында орналасқан Қазақстанның тарихи және мәдени ескерткіштеріне әлемнің түкпір-түкпірінен туристер тарту болып табылады. Бүгінгі күні қажетті барлық материалдарды жинақтау аяқталды. Объектілердің сипаттамалары мен жалпы жай-күйін зерделеу басталды.

Ұлттық тарихи мұраны халықаралық насихаттау және танымал ету жұмысы жалғасуда. Ағымдағы жылы «Ш. Айманов атындағы «Қазақфильм» АҚ «Қорқыт. Күй тарихы», «Көшпенділердің музыкалық мұрасы» жоғары сапалы деректі фильмдер шығару жұмысын бастады.

Өткен жылы ратификацияланған Қазақстан мен Сирия, Египет арасындағы үкіметаралық келісімдерге сәйкес ағымдағы жылы **Дамаск қаласында Әл-Фарабидің мавзолейі мен тарихи-мәдени орталық салу және Сұлтан Әз-Захир Бейбарыстың мавзолейін қалпына келтіру, Каир қаласында Сұлтан Бейбарыс мешітін қалпына келтіру бойынша шаралар кешенін іске асыру жұмыстары жалғастырылды.**

2008 жылы қол жеткізілген уағдаластықтар шеңберінде Монғолия аумағынан (Мойыншор) табылған руна жазбалары бар ежелгі түркі тас ескерткіштерінің көшірмелерін дайындау жұмыстары басталды.

Ақмола және Павлодар областарының ескерткіштері жинағын шығару үшін материалдар жинау жұмысы аяқталды. Ақтөбе облысы бойынша қажетті құжаттарды жинау жалғасуда.

Қазақстан Республикасында орнатылатын ескерткіштер мен монументтер жөніндегі Мемлекеттік комиссияның 2 отырысы өткізіліп, оларда жаңа ескерткіштер қою жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың

11 ұсынысы, өткізілген ашық конкурстардың нәтижелері бойынша 9 эскиздік жоба мен 3 жұмыс моделі қаралды.

Іс-шаралар жоспарына сәйкес **39 археологиялық зерттеу** жүзеге асырылуда, олардың **5-і алғаш рет іске асырылуда**. Ақмола облысындағы Бозоқ, Алматы облысындағы Талғар, Қойлық қалалары, Оңтүстік Қазақстан облысындағы Бөріжары зираты, Сауран, Сидак, Жуантөбе, Түркістан қалалары сияқты жобалар ерекше назар аудартады.

35 тарихи және мәдени, сәулет және қала құрылысы ескерткішін қайта қалпына келтіру жұмысы басталды.

Продюсерлік және баспагерлік қызметті ынталандыру

Жыл сайын «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару» республикалық бюджеттік бағдарламасы шеңберінде мемлекеттік тапсырыс бойынша түрлі тақырыптағы әдебиеттің **400-ден** астам атауы шығарылады. Бұл шараны жүзеге асыруға республикалық бюджеттен жыл сайын миллиард теңгеге жуық, оның ішінде «Мәдени мұра» бағдарламасының шеңберінде шығарылатын әдебиетті қаржыландыруға 250-300 млн. теңгеге жуық қаржы бөлінеді.

Продюсерлік қызмет «Қазақ әуендері» АҚ, «Қазақфильм» АҚ және «Қазақстан халқының рухани даму қоры» АҚ ведомстволық бағынысты ұйымдары арқылы жүзеге асырылады.

«Қазақ әуендері» АҚ 2009 жылдың басынан бастап Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері Нұрлан Өнербаевтың Астана, Атбасар, Павлодар, Екібастұз қалаларындағы концерттеріне, қазақстандық эстрада жұлдыздарының концерттеріне продюсерлік етті. Осы концерттерде Алматы, Екібастұз, Павлодар қалаларының дарынды жас орындаушыларына продюсерлік жасалды.

«Қазақфильм» АҚ 13 қазақстандық және 2 ресейлік продюсерлік компаниямен ынтамақтастықта, олармен бірлесіп ағымдағы жылы Ш.Айманов атындағы «Қазақфильм» АҚ ұлттық фильмдер өндірісінің тақырыптық жоспарына сәйкес киножобаларды іске асырады, сондай-ақ «А» сыныпты халықаралық фестивальдер жұмысына қазақстандық кинематографистердің қатысуын қамтамасыз етеді.

«Қазақстан халқының рухани даму қоры» АҚ республикада және одан тыс жерлерде көрмелер, оның ішінде жеке көрмелер жұмысын қамтамасыз ете отырып, тең продюсер ретінде жұмыс істейді.

2009 жылғы 25 маусымда Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасында «Астананың мәдени мәтіні» конференциясы өтті.

Ағымдағы жылдың 30 маусымында Әлемдік және дәстүрлі діндер басшыларының III съезі қарсаңында Тұңғыш Президенттің Музейінде «Балалар ертегі салады» көрмесі ашылды, Қор көрме мен конференцияның қоса ұйымдастырушысы болды.

Порнографияны таратуға, зорлық-зомбылықты насихаттауға қарсы тұруды қатайту үшін күресеміз

БАҚ саласындағы, әсіресе порнографиялық материалдарды, эротикалық мазмұндағы, сондай-ақ қатыгездік пен күштеуге табынуды насихаттайтын ақпаратты таратуды, көрсетуді және жарнамалауды шектеу бойынша отандық заңнама нормаларын сақтау тұрғысынан республикалық БАҚ-қа жүйелі негізде мониторинг жүргізіледі. Мониторинг барлығы 45 негізгі республикалық БАҚ-ты қамтиды. Олардың 28-і қоғамдық-саяси бағыттағы жетекші республикалық басылымдар, 15-і Қазақстан аумағын кеңінен қамтитын электрондық БАҚ, 2 ақпараттық агенттік. Жүргізілген мониторинг қорытындысына сәйкес 2009 жылдың бірінші жарты жылдығында жоғарыда көрсетілген БАҚ саласындағы заңнама нормаларын республикалық БАҚ тарапынан бұзу анықталған жоқ.

ТІЛ САЯСАТЫ

Тілдерді, бірінші кезекте қазақ тілін үйренудің балабақшалар мен мектептерде тіл үйретудің озық әдістемелеріне негізделетін тиімді жүйесін құруға

Тілдерді дамыту саласында мемлекеттік бағдарламаларды іске асыруға этномәдени бірлестіктер кеңінен тартылады. Бүгінгі күні орыс қоғамдық бірлестіктерімен ынтымақтастық жолға қойылған, оның шеңберінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі мен Қазақстанның орыс қоғамдастығы арасында «Өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы» меморандумға қол қойылды.

Меморандумды іске асыру шеңберінде мемлекеттік тілді білуден орыс жастары арасында «Тіл – халықтың жанын түсінудің кілті» республикалық конкурстары және славян этномәдени орталықтарының қатысуымен «Язык – всем знаниям ключ» конкурсы өтті.

Мемлекеттік тіл саясатын табысты іске асыруға жалпы білім беру сапасымен қатар барлық үлгідегі оқу орындарында мемлекеттік тілді үйретуді жақсарту ықпал етеді. Республикада қазақ тілінде оқытатын мектептердің желісі кеңейуде, олар қазіргі уақытта мектептердің жалпы санының 48% құрайды.

Жыл сайын қазақ тілінде оқитын оқушылардың контингенті артып келеді. Қазіргі уақытта олардың саны оқушылардың жалпы санының 58% құрайды.

Ана тілінде оқитын ұлты қазақ балалардың саны артты. Ағымдағы оқу жылында олардың саны ұлты қазақ балалардың жалпы санының 80,8 % құрады. Өзге ұлттың 20 мыңнан астам баласы қазақ тілінде оқиды, бұл ел халқының тіл саясатын оң қабылдауына дәлел бола алады.

Қазіргі уақытта мектепке дейінгі 487 мекемеде (35%) және тәрбие тілі аралас балабақшалардың 1600-нан астам тобында балалар қазақ тілінде оқытылып, тәрбиеленеді.

Тіл саясаты саласындағы әлеуметтік зерттеулердің нәтижелері бойынша мектепке дейінгі мекемелерде қазақ тілінде тәрбиеленетін басқа ұлт балаларының саны 33,3% дейін көбейген. Олардың 3% - орыс ұлтының балалары.

Орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың іс қағаздарын жүргізуінде, бірінші кезекте халыққа қызмет көрсету саласына мемлекеттік тілді енгізуге

Мемлекеттік тіл саясатын іске асыру жөніндегі барлық іс-шаралар «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңға, Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылады. Қазіргі уақытта республиканың барлық облыстары, 29 орталық және 16 жергілікті атқарушы орган іс жүргізуді мемлекеттік тілге көшірді. 2009 жылдың соңына дейін барлық орталық және жергілікті мемлекеттік органдар іс жүргізуді мемлекеттік тілге көшіруді аяқтауы тиіс.

Мемлекеттік тілді еркін де ақысыз меңгеруі үшін мемлекеттің азаматтарды барлық қажетті жағдайлармен қамтамасыз етуіне

Мемлекеттік тілдің ақпараттық кеңістігін кеңейту мақсатында мемлекеттік тілді оқыту бойынша компьютерлік бағдарламалар кешені әзірленді. Интернет жүйесінде «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі» порталы жұмыс істейді, ол ұдайы түрлі интерактивті және танымдық материалдармен толықтырылып тұрады.

Тіл саясаты саласындағы маңызды міндеттердің бірі мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерін білетін қазақстандық тұлғаны қалыптастыру болып табылады.

Әр облыста тілдерді үйретудің озық технологияларын енгізу жөніндегі мамандандырылған орталықтарды құруға

Мемлекеттік қызметшілерге мемлекеттік тілді үйрету мақсатында барлық орталық және жергілікті атқарушы органдарда мемлекеттік тілді оқыту курстары жұмыс істейді, олар өз қызметін бірыңғай әдістеме негізінде жүзеге асырады. Балама ретінде тиісті оқу құралдарымен, көмекші құралдардан, сөздіктерден, дидактикалық материалдардан, практикалық әзірлемелерден тұратын компьютерлік бағдарламалар кешенімен оқытудың көпдеңгейлі бағдарламалары пайдаланылады.

Республикада еліміздің ересек тұрғындарына, оның ішінде мемлекеттік қызметшілерге мемлекеттік тілді үйретуді ұйымдастырудың бірыңғай желісі құрылды. Қазіргі уақытта республикада мемлекеттік тілді үйрететін 93 орталық жұмыс істейді. 2011 жылға қарай олардың санын 120-ға жеткізу жоспарлануда.

«Тілдердің үш тұғырлығы» мәдени жобасын кезеңдеп іске асыруға

Екінші жарты жылдықта «Тілдердің үш тұғырлығы» мәдени жобасын іске асыру шеңберінде «Тілдарын – 2009» республикалық олимпиадасын өткізу жоспарланған. Іс-шараның негізгі мақсаттары қазақ, орыс және ағылшын тілдерін еркін меңгерген дарынды жастарды анықтау және қолдау, тіл мәдениетін, қарым-қатынас мәдениетін арттыру және тілдік тұлғаны, қазақстандық патриотизмге, басқа халықтардың тілі мен мәдениетіне құрметпен қарауға тәрбиелеу болып табылады.

ЖАСТАР САЯСАТЫ

Ауыл жастарының сапалы кәсіби білім алуға қол жеткізуін қамтамасыз етуге

Ағымдағы жылдың ақпан айының екінші онкүндігінде «Жас Отан» ЖҚ Қазақстан Республикасы БҒМ бірлесе отырып, партияның Саяси кеңесі Бюросының кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың Үкіметке берген тапсырмасын қолдау үшін баспасөз конференциясын өткізді. Баспасөз конференциясында «Жоғары оқу орындары оқушыларының жекелеген санаттарын қолдау жөніндегі шаралар туралы» ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 17 ақпандағы № 177 қаулысы қабылданғаны және қосымша 11,5 мың білім беру гранты бөлінгені туралы ақпарат жарияланды. Қосымша гранттар мен жеңілдікті білім беру несиелері туралы толық ақпарат ҚР БҒМ www.edu.gov.kz сайтында «Қазақстандағы білім беру» айдарында орналастырылған.

Ағымдағы жылдың ақпан айынан бастап «Жас Отан» ЖҚ филиалдары Қазақстан студенттерінің альянсімен бірге республиканың барлық өңірлерінде бөлінген қосымша мемлекеттік білім беру гранттары мен ұзақ мерзімді жеңілдікті несиелер мәселесіндегі Үкіметтің саясатын түсіндіру бойынша іс-шаралар өткізді. Жеке және мемлекеттік жоғары оқу орындары студенттерінің гранттар мен несиелерді бөлу тетігі туралы сұрақтарына ЖОО ректорлары мен басшылары жауап берді.

Студенттерді қолдау жөніндегі «Жастар жалыны – Отанға, жомарт жүрегі - жастарға!» Бүкілқазақстандық марафонының басталғаны жарияланды. Партияның Жастар қанатының «Халықтың әлеуметтік қорғалмаған санаттарынан шыққан, белгілі себептер бойынша ЖОО-дағы оқуының ақысын төлеуі қиын «екпінді» және «үздік» студенттерді қолдау туралы» бастамасын қолдауға шақыра отырып, грант берушілерді тарту бойынша өңірлерде жұмыс жүргізді. Қорытындысы 2009 жылдың 17 наурызында Ө.Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында (Алматы қаласы) шығарылды. «Жастар жалыны – Отанға, жомарт жүрегі - жастарға!» Бүкілқазақстандық қайырымдылық марафонын өткізу кезінде бөлінетін гранттар, несиелер және атаулы стипендиялар туралы барлық облыстардан деректер жарияланды.

Марафонның мақсаты – ақылы негізде оқитын үздік студенттердің проблемаларына барлық деңгейдегі әкімдердің, ірі кәсіпорын басшыларының, ЖОО ректорларының, кәсіпкерлердің назарын аударту, болашақ мамандарды қолдау, материалдық жағдайы қиын және ЖОО-дағы оқуына ақы төлеуге мүмкіндігі жоқ студенттерге көмек көрсету.

Еліміздің ЖОО-да студенттер үшін қосымша білім беру гранттары мен ұзақ мерзімді несиелер беру бағдарламаларын іске асыруды түсіндіру бойынша кездесулер өтті. Студенттерді ақпараттандыру жөніндегі іс-шаралар кешенінде ЖОО студенттері үшін «Альянс банк» АҚ-да «Ашық есік күндері» өткізілді.

Мемлекеттік гранттар есебінен оқыған педагогикалық және медициналық жоғары оқу орындарының барлық түлектеріне «бірінші кезектегі жұмыс орнының» берілуіне

Партия жетекшісі, ел Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2008 жылғы 14 мамырда «Жас Отан» Жастар қанатының І съезінде берген тапсырмасын орындау үшін «Жас Отан» ЖҚ Қазақстанның ауыл жастары одағымен бірлесе отырып, «Ауыл жастары» жалпыұлттық бастамасын әзірлеу жөніндегі ведомствоаралық комиссияның жұмысына қатысты.

«Ауыл жастары» бағдарламасы ауыл жастарын қолдау және дамыту үшін жағдайлар жасауға бағытталған. Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралардың 2009-2011 жылдарға арналған жоспары Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімімен ағымдағы жылдың мамыр айында бекітілді.

Іс-шаралар жоспары мынадай бағыттар бойынша іске асырылады: проблемалардың мониторингі және оларды талдау, көшбасшылық дағдыларды арттыру, әлеуметтік құқықтар мен кепілдерді қамтамасыз ету, ауыл жастары арасында салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру, ауылда ақпараттық теңсіздікті төмендету, ауылға келген жас мамандарды қолдау, ауылдағы жастардың ҮЕҰ дамыту және жас дарындарды қолдау.

Бұл бағыттарды іске асыру ауыл жастарына елеулі қолдау көрсетуге мүмкіндік береді. Жұмыс істеу және тұру үшін ауылдық жерлерге келген жас мамандар үшін біржолғы келу жәрдемақысын төлеу және материалдық көмек көрсету қарастырылады. Бұл мақсаттарға жергілікті бюджеттерден 174 млн. теңге көлемінде, оның ішінде 2009 жылы – 48 млн. теңге, 2010 жылы – 60 млн. теңге және 2011 жылы – 66 млн. теңге қаражат бөлінетін болады.

Ағымдағы жылдың маусым айында «Нұр Отан» ХДП ОА-да «Ауыл жастары» қоғамдық бастамасының тұсаукесеріне арналған баспасөз конференциясы өтті.

Жұмыс істеу және тұру үшін ауылдық жерлерге келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарын әлеуметтік қолдауда Үкімет қабылдап жатқан шаралар туралы жастарды ақпараттандыру ақпараттық парақшалар тарату, «Жас Отан» ЖҚ филиалдары өңірлерде ұйымдастыратын баспасөз конференцияларын, дөңгелек үстелдер, пікірталас алаңдарын өткізу арқылы жүргізіледі.

Өткізілетін іс-шаралардың мақсаты - әлеуметтік мамандық бойынша оқу орнының түлегі әрбір нақты ауылда өзінің қажет екені туралы ақпаратты білуі тиіс.

Жасына шектеу қойылмастан, бұрын ауылдан қалаға кеткен әлеуметтік сала қызметкерлерінің және білім беру, медицина, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандықтары бойынша ЖОО мен колледждерді бітірген жас мамандардың ауылға оралуын әлеуметтік қолдау көрсету жолымен ынталандыру туралы бейнеролик дайындау жұмысы жүргізілуде.

Ауылдық елді мекендерде орналасқан әлеуметтік сала объектілерінің денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт кадрларымен қамтамасыз етілуін талдау қазіргі уақытта Қазақстанда олардың жергілікті еңбек нарығында тапшы болуымен қатар оларға деген сұраныстың жоғары екенін көрсетеді.

Областар әкімдіктерінің деректері бойынша, бос лауазымдарды, объектілердің кеңеюін және мамандардың кетуін ескере отырып, 2009-2011 жылдарға арналған болжаммен әлеуметтік сала мамандарына деген қосымша қажеттілік 26 584 адамды құрайды, оның ішінде оқытушылар – 13 330 адам, денсаулық сақтау қызметкерлері – 7 340 адам, мәдениет қызметкерлері – 3 755 адам, спорт қызметкерлері – 1 122 адам, халықты әлеуметтік қорғау мамандары – 1 037 адам.

Әлеуметтік сала мамандарына тапшылық Қызылорда (4315 адам), Қостанай (2 778 адам), Алматы (2529 адам), Ақмола (2072 адам), Батыс Қазақстан (2059 адам) областарында байқалады.

2008 жылы 24 желтоқсанда Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ауылдық елді мекендердің әлеуметтік сала қызметкерлерін әлеуметтік қолдау және ынталандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының № 111-IV ҚРЗ Заңына қол қойды.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ауылдық елді мекендердің әлеуметтік сала қызметкерлерін әлеуметтік қолдау және ынталандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңды іске асыру ауылда тиімді кадр әлеуетін қалыптастыруға мүмкіндік береді, еңбек нарығын дамытуға, ауылдың әлеуметтік саласында кадр тапшылығын жеңу үшін жағдайлар жасауға, ауылдық жерде тұратын адамдардың өмір сүру дәрежесін, білім және кәсіби деңгейін көтеруге серпін береді.

Мұнда ең алдымен кең ауқымды ақпараттық-түсіндіру және үгіт-насихат жұмысына бағытталған мемлекеттік және қоғамдық күштердің нақты бірігуі қажет екені көрінеді.

Ауыл жастарының қатысуымен кадрларға қажеттілікті сезініп отырған ауылдық әлеуметтік объектілер (мектептер, ауруханалар, клубтар) (сұраныс) мен оқу орындарының (ұсыныс) өзара іс-қимылы ұйымдастырылады.

Бұл бағытта Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі жергілікті атқарушы органдармен де, қоғамдық бірлестіктермен де: «Жас Отан» Жастар қанатымен, Қазақстан студенттерінің альянсімен және Қазақстанның ауыл жастары одағымен белсенді ынтымақтастықта.

Ауылдық жерде барынша қажет жас мамандар үшін әлеуметтік пакет енгізуге қол жеткізетін болады. Оларда өнімді жұмыс үшін қажет жағдайдың бәрі - тұрғын үй, бастапқы кезеңдегі көтерме қаражат және т.б. болуы тиіс

Бүгінгі таңда республиканың ауылдық жерлерінде кадрлар тапшылығы проблемасы өткір тұр – жастар ауылға оралуға асығар емес, бұрынғы кадрлар кетіп жатыр. Білікті жас мамандарды ауылдағы жұмыс тартпайды, себебі ауыл өмірінің тұрмысы қалыптаспаған, яғни ауылдың әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымының жеткіліксіз дамуы орын алып отыр.

Ауылдық жерлерде еңбекақы қалада осындай қызметпен айналысатын мамандарға қарағанда 25 % артық екеніне қарамастан, ауылдық жерге мамандарды орнықтыруға ықпал ететін басты фактор **тұрғын үймен қамтамасыз ету проблемасы** болып табылады. Қызметтік баспана беру мүмкіндігінің шектеулі болуына байланысты жергілікті атқарушы органдарда әлеуметтік салада кадр мәселесін шешудің басты тетігі жоқ.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ауылдық елді мекендердің әлеуметтік сала қызметкерлерін әлеуметтік қолдау және ынталандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының № 111-IV ҚРЗ Заңымен мамандарға мынадай шаралар ұсыну көзделеді:

а) 2009 жылдың 1 шілдесінен бастап 70 АЕК мөлшерінде (89 100 теңге) біржолғы келу жәрдемақысын төлеу;

б) тұрғын үй сатып алу үшін әлеуметтік қолдау – 15 жыл мерзімге бюджеттік несие, сыйақы ставкасы 0,01%, 630 АЕК мөлшерінде (801 990 теңге);

в) республикалық бюджеттен қаржыландырылатын және ауылдық елді мекендерде орналасқан әлеуметтік сала мекемелерінің қызметкерлеріне лауазымдық жалақысын (тарифтік ставкаларды) кемінде 25 % көтеру.

Әлеуметтік қолдау шаралары 2009-2011 жылдарға арналған республикалық бюджетте көзделген бюджеттік бағдарламалар шеңберінде жалпы сомасы 21,5 млрд.теңгеге іске асырылатын болады.

Бұл заңның артықшылығы айқын көрінеді – бұл нақты мемлекеттік қолдауды жүзеге асыру жөніндегі және нарықтық тетіктерді пайдаланудың ТМД аумағындағы теңдессіз қадамы:

- маман тұрғын үй иесі болады;
- мемлекеттік қаражат – қайтарымды;
- маман ауылда 5 жылға қалады;
- бюджет қаражатын адам капиталына инвестициялау.

Әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы № 183 қаулысымен бекітілген Ережеде айқындалған, оған сәйкес келу жәрдемақысын төлеу 2009 жылдың 1 шілдесінен бастап, ал маманға тұрғын үй сатып алу несиесін беру 2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап жүзеге асырылатын болады.

Әлеуметтік қолдау шаралары мамандардың көрсетілген санаттарына ауылдық елді мекендерде орналасқан денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мекемелерінде одан әрі кемінде бес жыл жұмыс істеу шартымен Келісім негізінде беріледі.

Осы жұмысты ұйымдастыру үшін аудан әкімдігі аудандық мәслихат депутаттарынан, ауданның атқарушы органдары мен қоғамдық ұйымдары өкілдерінен тұратын тұрақты жұмыс істейтін комиссия құрады.

Ауылдық аумақтарды дамыту жөніндегі аудандық уәкілетті орган комиссияның жұмыс органы болып табылады. Ол әлеуметтік қолдау шараларын алуға үміткер мамандардың құжаттарын қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады, олардың шынайылығын тексереді және қаражатқа қажеттілікті есептейді.

Қолдау ұсыну туралы шешім қабылданып, келісім жасалғаннан кейін жұмыс органы күнтізбелік жеті күн ішінде келу жәрдемақысын 2009 жылғы 1 шілдеден бастап мамандардың жеке шоттарына аударады, ал сенімді адам (агент) отыз жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап маманға тұрғын үй сатып алуға арналған несиені ұсынады.

Мамандар үшін тұрғын үй сатып алуға арналған бюджеттік несие он бес жыл мерзімге беріледі; несие бойынша жылдық сыйақы ставкасы несие сомасының 0,01 % мөлшерінде белгіленеді. Маманның бюджеттік несие бойынша міндеттемелерді орындауы ол сатып алған тұрғын үйді кепілге қоюмен қамтамасыз етіледі. Несиелік келісім бойынша міндеттемелерді (жұмыс істеу міндеттемесін) орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда немесе дефолт болғанда несие беруші қарызды үшінші тұлғаға ауыстыруға құқылы.

Жергілікті өкілдік және атқарушы органдар өздеріне қажетті мамандарды ынталандыру және тарту үшін қосымша қаражат бөлуге құқылы. Жергілікті атқарушы органның негізгі міндеттерінің бірі жоғары кәсіби білімі бар мамандарға әлеуметтік саланың қажеттілігін қанағаттандыру және ауылда кадр әлеуетін қалыптастыру болуға тиіс.

Областар мен аудандардың әкімдіктері, ірі ауыл шаруашылығы құрылымдары бір реттік тәртіпте келу жәрдемақысына қосымша сома төлеу, тұрғын үймен қамтамасыз ету, мал, жер учаскесін сатып алуда көмек көрсету түрінде ауылға оралған жас мамандарды қолдауды практикаға енгізуде. Облыстардың әкімдіктері коммуналдық қызметтер бойынша жеңілдіктер береді.

Үш және одан көп бала туған жағдайда тұрғын үй несиелерін

жабу үшін жас отбасыларына мемлекеттік демеуақылар берілуіне

Бюджеттік сала қызметкерлерін, яғни педагогтарды, дәрігерлерді, әлеуметтік қызметкерлерді, мәдениет және спорт қызметкерлерін әлеуметтік ынталандыру туралы заңнаманы насихаттау жүргізіледі, оның шеңберінде жас мамандарға 70 АЕК мөлшерінде келу жәрдемақысы, тұрғын үй сатып алуға 630 АЕК мөлшерінде 15 жылға дейінгі мерзімге бюджеттік несие және жалақысына 25 пайыз мөлшерінде үстемеақы қосылады. Осы мақсаттарға барлығы 21 миллиард теңге бөлінді.

Аудандық мәслихат денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт саласындағы мамандарға деген аудан әкімі тапсырыс берген қажеттілікті ескере отырып, жыл сайын мамандарға келу жәрдемақысын және тұрғын үй сатып алу үшін әлеуметтік қолдау көрсету туралы шешім қабылдайды.

Бөлінетін бюджет қаражаты дербестеледі, бұл олардың мақсатты жұмсалыуына кепіл береді.

Қазіргі уақытта қолданыстағы заңнама шеңберінде ауылға оралған жас мамандарды жергілікті атқарушы органдардың шешімімен қызметтік баспанамен және басқа да әлеуметтік көмекпен қамтамасыз ету бойынша бірқатар жұмыстар жүргізіліп жатыр.

Ветеринарлық дәрігерлер мен ауыл шаруашылығы мамандарын тарту үшін ірі ауыл шаруашылығы құрылымдары 50 мың теңгеден 150 мың теңгеге дейін біржолғы келу жәрдемақысын төлейді, тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесін шешеді, мал ұстауға ниет білдіргендерге ұзақ мерзімді несиелер түрінде мал бөледі, қыс мезгілінде жас отбасыларға көмір және ағаш сатып алуда көмек көрсетеді, аудан орталықтарында мемлекеттік қызметшілерге коммуналдық баспана жалға беріледі.

Салауатты өмір салты, темекіге, ішімдік пен есірткіні пайдалануға қарсы бағытталған насихат жөніндегі жұмысты елеулі түрде күшейтуге қол жеткізетін болады

«Жас Отан» ЖҚ жарғылық мақсаттары жастар арасында алкогольизмнің, темекі шегудің және нашақорлықтың таралуына қарсы іс-қимыл жасау, сондай-ақ салауатты өмір салтын насихаттау болып табылатын ұйымдармен ынтымақтасады. Оларға «Есірткісіз болашақ» КҚ, «За Казахстан, свободный от табачного дыма» Ұлттық Коалициясы, «Салауатты Қазақстан» ҚБ жатады.

Мысалы «Жас Отан» ЖҚ Қазақстан студенттері альянсімен және «За Казахстан, свободный от табачного дыма» Ұлттық Коалициясымен бірге тұрғындар арасында бұқаралық кампания, атап айтқанда электрондық дауыс беру жүргізді, оның барысында экспорттық және импорттық фильтрлі темекілерге унификациялау жолымен акциздік ставкаларды 2009 жылы 40 теңгеге дейін, 2010 жылы 70 теңгеге дейін және 2011 жылы 100 теңгеге дейін көтеру мәселесі жөніндегі бастаманы қолдауға 60 000 астам қол жинады.

ҚОЛАЙЛЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ОРТА ҚҰРУ

Өнеркәсіптік кәсіпорындардың атмосфераға газ тәріздес қалдықтарды шығаруы 2009 жылдың бірінші жарты жылдығында 1,13 млн. тоннаны құрады, бұл 2008 жылдың (1,58 млн. тонна) осындай кезеңімен салыстырғанда стационарлық көздерден ластайтын (зиянды) заттардың шығу мөлшерінен 28% аз. Лас суларды жерүсті су қоймаларына жіберу мөлшері ағымдағы жылдың қаңтар-маусым айларында 1 491,1 млн.м³ артты немесе 2008 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда лас суларды жіберу мөлшеріне қатынасы бойынша 4,5% өскен (1 426,4 млн.м³). Ағымдағы жылы 424,5 млн. тонна өнеркәсіптік қалдықтар, 4,27 млн. тонна қатты тұрмыстық қалдықтар қалыптасты.

Еліміздің барлық халқының таза ауыз сумен қамтамасыз етілуіне, «Ауыз су» бағдарламасы шеңберіндегі іс-шараларды іске асыруға бөлінетін қаражаттың пайдаланылуына бақылауды күшейтуге

2009 жылдың бірінші жарты жылдығында салалық «Ауыз су» бағдарламасы бойынша сумен жабдықтау жүйесін дамытуға республикалық бюджеттен жергілікті бюджеттерге сомасы 13 млрд. теңгеге 175 объектіге арналған мақсатты трансферттер бағытталды. Сумен жабдықтау жүйелерін салуға және жаңғыртуға республикалық бюджеттен ағымдағы жылдың алты айында 26 объектіде 3,783 млрд.теңге иерілді, оның ішінде ауыз сумен қамтамасыз ететін бір объект пайдалануға берілді.

Табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануды және қоршаған ортаны қорғауды ынталандыру, қайта жаңғыртылған энергия көздерін пайдалануды, ресурстар сақтау бағдарламаларын іске асыруды мемлекеттік ынталандыру

Экологиялық кодекс табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануды және қоршаған ортаны қорғауды ынталандыру үшін негіз болып табылады. Бұл бағыттағы маңызды қадам Қазақстан Республикасының тұрақты дамуға көшуінің 2007–2024 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру болып табылады.

2009 жылғы 26 наурызда Қазақстан Республикасының Президенті БҰҰ-ның Климаттың өзгеруі туралы Рамалық конвенциясына Киот хаттамасын ратификациялады.

16-23 маусымда Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі Таза технологиялар қорымен келіссөздер жүргізді. Қарау үшін су электр станциясының және газтурбиндік электр станцияларының құрылысы бойынша жобалар іріктелді.

Тұрақты даму мақсатында Қазақстан Республикасының жаңғыртылған ресурстары мен энергиясын тиіді пайдалану стратегиясының жобасы әзірленіп, ол 2008 жылы Үкіметтің қаулысымен мақұлданды.

Табиғи ресурстарды тиімді пайдалануды және қоршаған ортаны қорғауды ынталандыруға

Қазақстанда табиғатты пайдаланушылардың әсерінен экологиялық зардаптардың алдын алу бойынша заңнамалық және нормативтік базаны одан әрі жетілдіру жалғасуда.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экологиялық қауіпті технологияларды, техника мен жабдықты әкелуді реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 23 маусымдағы № 164-IV Заңы қабылданды.

Қазақстан Республикасының Үкіметі Металлургия өнеркәсібінде әуе ортасына эмиссиялар бойынша техникалық регламентті бекітті (ҚРҮ 26.01.09ж. № 46 қаулысы), мемлекеттік экологиялық сараптамаға жататын 1 санаттағы объектілерді бөлу өлшемдері айқындалды (ҚРҮ 31.03.09ж. № 449 қаулысы).

Қоршаған ортаны қорғау министрінің бұйрығымен «Жоспар алдындағы, жоспарлы, жоба алдындағы және жобалық құжаттама әзірлеу кезінде белгіленетін шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу жөніндегі» нұсқаулыққа өзгерістер енгізілді. (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2009 жылғы 3 наурызда № 5577 болып тіркелген).

Табиғатты пайдалану саласында басқа да нормативтік құқықтық актілер қабылданды.

Табиғатты қорғау технологияларын мемлекеттік қолдау және дамыту, азаматтарға экологиялық білім беру және тәрбиелеу, экологиялық ақпараттық ашықтығы және міндетті экологиялық аудитті енгізу

Азаматтарға экологиялық білім беру және тәрбиелеу шаралар кешенін және көпсатылықты көздейді. Балабақшада тәрбиелеу мен оқытудың барлық бағдарламаларында аптасына бір сағат қана экологиямен танысуға арналған.

Орта білім беру жүйесінде экологиялық білім негіздері «Табиғаттану», «Жалпы биология» пәндері арқылы оқытылады, «Экология» пәні мектептерде факультативтік сабақ ретінде жүргізіледі.

Қазақстанда мамандандырылған экологиялық мектептер бар, оларда қоршаған ортаны қорғау мәселелері тереңдетіліп оқытылады.

Жоғары білім беру жүйесінде эколог мамандықтары бар. 2007 жылдан бастап Орталық Азия өңірлік экологиялық орталығы ЕҚЫҰ-ның ынтамықтастығы және қолдауымен «Қазақстан Республикасының жоғары білім беру жүйесіне тұрақты дамуды ілгерілету» бағдарламасын іске асыруды бастады.

Экологиялық ақпаратқа қол жеткізу Экологиялық кодексте көзделген. ҚР Экологиялық кодексінің 163-бабына сәйкес халықтың экологиялық ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз ету мақсатында «Қоршаған ортаны қорғаудың ақпараттық-талдау орталығы» РМК жанынан Экологиялық ақпарат орталығы құрылып, жұмыс істеуде, ол экологиялық ақпаратты жинауды, есепке алуды, сақтауды және www.iacooc.kz және www.eco.gov.kz сайттарында таратуды жүзеге асырады.

Мемлекеттік және қоғамдық экологиялық сараптаманың рөлін күшейтуге, жобаларға, технологияларға және мемлекеттік бағдарламаларға сараптаманы қоса алғанда, оның жұмысының тетіктерін жетілдіруге

2009 жылдың бірінші жартыжылдығында Мемлекеттік экологиялық сараптамамен 667 жоба: соның ішінде нормативтік-құқықтық актілердің 21 жобасы, технико-экономикалық және биологиялық негіздегі, табиғиғылыми 19 жоба, жер қойнауларын пайдалануға деген 25 келісім-шарт, шаруашылық әрекеттің 602 жобасы қаралды. Қаралған жалпы саннан 83 жоба келісілмеген.

Өнеркәсіптік кәсіпорындар тарапынан экологиялық нормалардың сақталуына талапты қатайтуға

2009 жылдың 6 айының қорытындысы бойынша экологиялық инспекциясымен республика бойынша барлығы 7002 тексеріс жүргізілді. Тексеріс нәтижесінде табиғат қорғау заңнамасының 3821 бұзушылық фактілері анықталды. Жалпы сомасы 5,66 млрд. теңге 3431 әкімшілік айыппұл салынып, жалпы сомасы 7,24 млрд. теңге зиян келтіруді қалпына келтіруге 927 талап қойылып, оның 455 млн. теңгесі өндіріп алынды. Сотқа шаруашылық әрекеттерді тоқтату туралы 94 материал жіберілді.

Отынның сапасына талапты арттыру есебінен автомобиль көлігінің шығарындылар деңгейін төмендетуге

Автокөлік құралдар санының өсуі ауа бассейнінің жағдайын едәуір төмендетті, әсіресе ірі қалаларда автокөліктерден шыққан залалды заттардың көлемі, жалпы қалалық барлық атмосфераға шығарылған ластаушы заттардың, 60% құрайды.

«Қазақстан Республикасы аймағында жасалатын автокөлік құралдары шығаратын зиянды (ластаушы) заттарға қойылатын талаптар туралы» Техникалық регламентке сәйкес, ЕВРО стандарттарына сәйкес емес, автокөлік құралдарын қолдануға (шығаруға, сырттан әкелуге) тыйым салынған.

Айтулы Техникалық регламентке сәйкес шығарылатын залалды заттар бойынша ЕВРО стандарттарын енгізудің келесі мерзімдері белгіленді: 2009 жылдың 15 шілдесінен бастап ЕВРО-2; 2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап ЕВРО-3; 2014 жылдың 1 қаңтарынан бастап ЕВРО-4.

ЕВРО стандарттар үшін жанармай сапасы бойынша келесі мерзімдер белгіленді: 2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап ЕВРО–2; 2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап ЕВРО–3; 2014 жылдың 1 қаңтарынан бастап ЕВРО–4.

ЕЛДІҢ ҚОРҒАНЫС ҚАБІЛЕТІН АРТТЫРУ

Мемлекеттің ұлттық, аймақтық және жаһандық қауіпсіздікті нығайту жөніндегі іс-қимылын

Қауіпсіздіктің болашақтағы ең қауіптісі - жалпы жою құралының таралуы, трансұлттық арандатушылық пен діни экстремизм, нашақорлық пен қарудың заңсыз айналымы, этникалық және демографиялық алаңдаушылықтың өсуі, табиғи ресурстардың, әсіресе тұщы су қорының, жетіспеушілігі, кейбір аймақтардағы, жалпы әлемде де экологиялық жағдайдың төмендеуі болып отыр.

Әлемдегі әскери-саяси жағдайға жасалған талдаудан - бүгінгі күні басқа мемлекеттер тарапынан Қазақстанға қарсы тікелей әскери агрессия қаупі жоқ екені туралы тұжырым жасауға болады.

Әскери және әскери-техникалық ынтымақтастық мемлекеттермен әскери саладағы көпжақты және екі жақты келісім шеңберінде жүзеге асырылады.

Ынтымақтастықтың Шанхай Ұйымы форматында аймақтық күштердің консолидациясы (шоғырлануы) мен өзара әрекеттің тиімділігін қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар жүргізілді.

ТМД шеңберінде Қазақстанның Қарулы Күштері үшін аймақтық қауіпсіздік мәселесін шешіп, Достастық тиімділігін арттыру ең басты міндет болып табылады. Ұйымдық әрекеттеріне қатысу ұжымдық қауіпсіздік келісімін қазіргі заманға лайық жағдайларға бейімделуін, қазіргі заманға лайық шақырулар мен қатерлерге қарсы әрекеттерге әрі қарайғы күштерді шоғырландыруға бағытталды.

Ынтымақтастық шеңберінде **Ресей, Қытай, АҚШ, және де Еуроодақ елдерімен** ең үлкен көлемдегі жұмыс атқарылды. НАТО мен ынтымақтастық дамып, «Бейбітшілік үшін серіктестік», «Жедел күш-қуат концепциясы», «Жоспарлау және талдау процессі» бағдарламалары жүзеге асырылып, тәжірибе мен әскери маман алмасуда.

Бейбітшіліктің орнығуы, халықаралық және аймақтық қауіпсіздік пен тұрақтылық, тәуелсіздікті ұжымдық негізінде қорғау, республиканың аумақтық тұтастығын сақтау, елдің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі басты мақсаттар болып табылады. Осы мақсаттарға жетуде саяси шаралар мен алдын-ала сақтандыру дипломатиясына үстемдік беріледі.

Көрсетілген уақытта республикамен, Кеңес Одағынан кейінгі кеңістікте, Қарулы Күштердің жоғарғы қолбасшысының бастамасымен **Ұйымның мүше-мемлекеттерінің жедел әсер етуші ұжымдық күшін құру бойынша Ұжымдық қауіпсіздік туралы келісімі** қауіпсіздіктің қамтамасыз етілуінде маңызды оқиғалардың бірі болып табылады.

ОДКБ мүше-мемлекеттері әскери шиеленісті реттеудегі міндеттерді шешу мүмкіндігі, аумақтық актілерді қилысу туралы арнайы операцияларды жүргізу, зорлық сипаттағы экстремизмнің көрініс алуын, наша жолдарын жабу және де ұйымдық қылмыстың басқа да көріністерін және де төтенше жағдайды жою жан-жақты әмбебап күшті күш-қуаттылығын құру қажеттілігіне әкелді. Бұл күштер іскери дайын, әмбебап, мобильді, техниканың соңғы күштеріне сай болады.

Қазақстанның Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құрамаларының ең үздік әлемдік стандарттар негізінде дамытылуын

Мемлекеттің әскери құрылымының дамуы бір ойдан кешенді түрде 2006-2010 жылдар аралығындағы Мемлекет Қарулы Күштерін дамыту бағдарламасына сәйкес жүргізіледі.

Әлемнің алдағы әскерлерінде бүкіл қызмет барысында әскери мамандардың мамандандырылуын арттыру жүйесі өзін-өзі ақтауда. Осы орайда жағарғы оқу орындарынан кейінгі көп деңгейлі қайта дайындау жүйесі енгізілген. Білім беру жоғарғы лауазымға үйрету мен қызмет барысында біліктілігін арттыру шеңберінде жоспарланған. Мамандандырылған сержанттар жетекші рөлдегі **кадеттік корпус** толық институт құрылды. Қазақстандық біліммен қатар біздің әскери мамандарымыз Ресей, Қытай АҚШ, Еуропа және де басқа елдердің басты жоғарғы әскери орындарында білім алуда.

Құрлықтағы әскер құрылысы мен дамыту мақсатында **Құрлықтағы әскердің Басты командованиясі құрылды**. Олар қарулы күштердің құрамы бойынша күрделі және саны көп әскердің жағдайы мен тиімді басқаруына жауапты. Осымен қатар жеделдік пен басқарудың үзілмеушілігі жоғарылайды.

Біздің және ұжымдық қауіпсіздікке қыр көрсетулер мен қатерлерге қарсы лайықты іс-қимыл жасау үшін халықаралық әскери ынтымақтастықты дамытуды

ТМД қатысушы – мемлекеттерінің ПВО бірлескен жүйелерін іске асыру барысында халықаралық әскери ынтымақтастық шеңберінде Қазақстан белсенділікпен қатысады.

ОДКБ әскери құрамын күшейтуге ерекше көңіл бөлінуде. 2010 жылға дейінгі және алдағы уақыттағы ОДКБ-ң әскери ынтымақтастығының коалициялық Жоспарына сәйкес, әскери ынтымақтастық кешенді жүзеге асырылуда.

Келешекте Орта Азиялық аумақтың ұжымдық қауіпсіздігі Ұжымдық күштердің жедел түрде ашылуын іске асыруды ұзартқан.

ОДКБ ұжымдық қауіпсіздігін бірлескен (біріккен, аумақтық) жүйесін құруда нормативтік рәсімдеу мәселесі көтерілді. 2009 жылдың қаңтарында бейбітшілікті сақтау және ОДКБ аясында бейбітшілікті сақтау механизмі

құжаттарын нормативтік және ұйымдық рәсімдеу туралы Келісім күшіне еніп, нәтижесінде Ұйымдардың бейбітшілікті сақтау күшінің қалыптасуына септігін тигізді.

ШЫҰ-ы әскери – саяси ынтымақтастығы аспектісі аясында Қарулы Күш үшін ерекше басты назардағы мәселе Орталық Азияда болып жатқан қазіргі заманғы геополитикалық жағдайлар болып отыр. Халықаралық терроризм мен діни экстремизммен күресу, ШЫҰ мүше-мемлекеттерінің шекараларындағы жағдайлар, келешектегі шекаралық жағдайларды реттеу төтенше маңызы бар мәселе болып тұр.

Қарулы Күштер ШЫҰ қатысушы-мемлекеттерінде бірлескен антитеррористік жаттығулардың үнемі болып тұруының қажет екенін құптап отыр.

Қарулы Күштердің ШЫҰ-мен қарым-қатынасын дамытуда ерекше тиімді жағы, әскери қауіпсіздікті сақтау, халықаралық әскери-техникалық ынтымақтастықты дамыту болып отыр. Қарулы Күштер келешекте де ШЫҰ мүше-мемлекеттерінің қорғаныс министрліктерінің кеңестерінде, ШЫҰ шеңберінде болатын әртүрлі жанжақты консультацияларына қатысатын болады.

Қазіргі таңда Қарулы Күштердің НАТО-мен белсенді ынтымақтастығы дамып отыр, «Бейбітшілік үшін серіктестік», «Жедел күш-қуат тұжырымдамасы», «Жоспарлау және талдау процестері» атты бағдарламалар іске асырылып, тәжірибемен және әскери мамандармен алмасу жүзеге асырылуда. Қазақстан Қарулы Күштерінің он бірі НАТО стандарттарының талаптарына сәйкес, НАТО курстарында дәріс алды. 2009 жылдың басынан бастап 45 іс-шара жүзеге асырылып, оған 110 артық адам қатысты.

Қазақстан Республикасы ОБСЕ-нің толыққұқықты қатысушы-мемлекеті болып табылып, осы ұйымға Еуропадағы тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ететін құрылым ретінде қарайды. Қазақстан ОБСЕ-нің қатысушы-мемлекеттерімен теңқұқықты сұхбатты барлық: әскери-саяси (шиеленісті болдырмау, қарулануды бақылау механизмін жетілдіру мен сенімділік шараларын нығайту), экономикалық және қоғамдық білім үш өлшемде жүргізуді алға қойып отыр.

Қазақстандық әскери бақылаушылардың ОБСЕ миссиясының құрамына қатысуы практикалануда. Қорғаныс министрлігінің өкілдері президенттік, парламенттік сайлаулардың өтіуін бақылау жөніндегі ОБСЕ-нің қысқа мерзімді миссиясына қатысып жүр.

2009 жылдың бірінші жарты жылдығында қарулануды бақылау саласында, бірақ Қазақстан Республикасы аймағындағы инспекциялық шетелдік топтардың инспекциялық әрекеттерін ұйымдастыру мен қамтамасыз етуде, халықаралық келісім мен шарттардың ережелерін жүзеге асыру жөнінде бірқатар іс-шаралар іске асырылды.

Біздің әскерімізді қазіргі заманғы қару-жарақпен және әскери техникамен жарақтандыруды

Қаруландыру мен әскери техниканы дамыту және сақтап, күтуіне қарастырған, ағымды жылдың Бюджеттік қаражатын игеру жоспарына сәйкес «Байланыс жүйесін, әскери және өзге техниканы, қаруды сатып алу, қайта орнына келтіру және модернизациялау» бағдарламасы бойынша Қарулы Күштердің әуе қорғанысы Күштерін жарақтандыру үшін нұсқалған мерзім ішінде екі Ми-17 В-5 транспорттық вертолет сатып алынды.

Қорғанысты жоспарлау мен басқару процесіне жаңа технологиялар енгізуді

Қарулы Күштерді басқару мен жоспарлау жосығының алдыңғы қатарлы технологиялары - әскердің қазіргі заманғы автоматтандырылған жүйесі болып табылады, жаңа ақпараттық және телекоммуникациялық технология негізіндегі Қарулы Күштерді басқару тиімділігін едәуір арттырады.

Әскери-техникалық ынтымақтастық бойынша «ТАЛЕС» француз компаниясымен келесі жұмыстар жүргізілді:

ҚУТ диапазонды радиостанциясын жинау бойынша «Талес Қазақстан Инжиниринг» бірлескен кәсіпорыны құрылды;

бірлескен ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойылды, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің өкілдерінен тұратын тұрақты негіздегі Ведомствоаралық жұмыс тобы, ««Самрұқ-Қазына» ҰҚФ» АҚ мен «Қазақстан инжинирингі» АҚ құрылды;

Стратегиялық серіктестікті, қарулану мен әскери техниканың біртүптігін есепке ала отырып, Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы президенттерінің, сонымен қатар Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы қорғаныс министрлерінің шешімімен АСУВ құру саласында ұсыныстар жасау жөнінде қазақстан-ресей сараптамашыларының жұмыс тобы құрылды. Осы байланыста 2009-2010 жылдарға арналған Қарулы Күштер әскерлерін басқарудың автоматтандырылған жүйесін құру жөнінде Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасы қорғаныс министрлерінің Іс-шаралар жоспары жасалып, қол қойылды.

Әскердегі құқық тәртібі мен тәртіпті нығайтуды

Әскердегі әскери тәртіпті нығайту мақсатында қылмыс пен әрқилы оқиғаларды болдырмау бойынша кешенді тәрбиелік және ұйымдастырушылық іс-шаралар жүргізіліп тұрады. Әсіресе 2009 жылғы көктемгі шақырумен толықтырылған жастармен жүргізілетін тәрбиелік шараларға, олардың әскери қызметке табысты бейімделуіне, ерекше назар аударылады.

Әскери тәртіп пен құқықтық тәртіп жағдайының талдауы 2009 жылдың 6 ай ішінде белгілі оң нәтижеге жеткендігіне куә бола алады.

Бәрінен бұрын, қайтарымы жоқ шығынға ұшыраудың, соның ішінде өз-өзін өлімге қию тәрізді келеңсіз көріністерінің төмендеу тенденциясы жалғасын табуда.

Сонымен, егер 2008 жылдың аналогиялық мерзімінде 59 қайтарымы жоқ шығынға ұшырау есепке алынса, 2009 жылдың осындай мерзімінде олар 30-ға дейін төмендеді.

Өз-өзін өлімге қиюдың 2008 жылғы 19-нан биылғы жылы 5 –ке түсті.

Осылардың болу себептері мен жағдайлары да өзгерді.

Жарғылық емес өзара қатынас негізіндегі қылмыс саны 37%, билік күшінің артуы 4%, мүлікке қол сұғушылық 3% төмендеді.

Әскери кадрларды даярлау жүйесін жетілдіру негізінде Қарулы Күштердің кадрлық әлеуетін күшейтуді

Бір жағынан, біздің Қарулы Күштерінің қажеттілігін, екінші жағынан мемлекеттің экономикалық мүмкіншілігін есепке ала отырып, кадрларды дайындаудың әлемдік тәжірибесінің талдау негізінде, келесі кешенді шаралар жасалды:

жаңа құрылымдағы офицерлік кадр дайындайтын элиталық әскери оқу орнын құру;

отандық әскери оқу мекемелерінде 3 деңгейде (орташа, жоғары, жоғарғы оқу орнынан кейін) білім беру жүйесін жетілдіру;

Қазақстаннан тыс жерлерде жоғары технологиялық мамандықтар бойынша әскери қызметкерлерді дайындау жүйесін кеңейту;

азаматтық оқу орындарындағы әскери кафедралардың күш-қуатын пайдаланып жұмылдырылған ресурс дайындап, жетіспейтін мамандықтар бойынша келісім-шартпен әскери қызметкерлерді оқыту;

элитті оқу мекемелері мен шет елде оқитын жастардың дайын бөлігін келісім-шарт бойынша тарту механизімін енгізіп, әскери қызметте қолдану;

барлық әскери қызметкерлердің әрдайым біліктілігін арттыру бағытында курстық дайындық жүйесін жетілдіріп, қарулы күштер қажеттілігін есепке ала отырып, кадр дайындау жүйесімен **офицерлік құрамның мансаптық өсімінің Типтік желісі әзірленді;**

Жылына офицерлердің орташа көбеюі 200-300 адам, бұл әскери қызметтің танымал да беделді екендігін куәландырады. Келісім-шарт бойынша да әскери қызметтің танымалдылығы өсіп отыр.

Жылына 910 адамның орнынан босау кезінде әскер қатары 1200-1300 офицермен толады, оның ішінде 700 кадрлік мамандандырылған әскер, бұл біздің 72-74% дайындығымызға және әскери дайындықтың жоғары деңгейде болуына мүмкіндік береді.

Біліктілікті арттыру курсы бойынша 2009 жылы 1757 офицер, 2010 жылы 2637 офицерді оқыту жоспарланды.

Академиялық білімі жоқ офицерлер үшін сол жылдың көктемінде алғаш рет Ұлттық қорғаныс университетінде Академиялық курстар ұйымдастырылды.

ОДКБ мүше-мемлекеттері үшін әскери кадрларды дайындау бойынша Келісімді жүзеге асыру шеңберінде әскери кадр дайындығында жеңілдік жағдайын қолдану одақтастық қарым қатнастың бекітілуіне әкелді. Қазақстан Республикасы 2009 жылы тегін білім беру арқылы 78 курсантты оқытты, соның ішінде 60-сы Қырғызстан Республикасынан, 14-і Тәжікстан Республикасынан және Ұлттық қорғаныс университетінде 8 офицер оқыды.

Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелері үшін тұрғын үй мәселесін шешуді қоса алғанда әскери қызметтің ерекше жағдайларына барабар әлеуметтік пакет қабылдауды

Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 6 ақпандағы «Мемлекеттік саясаттың басты мақсаты – Қазақстан азаматтарының тұрмыстық жағдайын арттыру» атты Қазақстан халқына жолдауына сәйкес әскери қызметкердің ақшалай үлесі мен азаматтық қызметкерлердің жалақысы (2009 жылы 25 %, 2011 жылы 30 %), 2012 жылға қарай екі есеге жуық арттыру кезең-кезеңмен жүзеге асырылады.

2009 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қарулы Күштердің әскери қызметкерлерінің ақшалай үлесі артып, әскери лауазымдарының еңбек ақы мөлшері бойынша және әскери атағының еңбек ақы мөлшері бойынша 25 % артты.

Қазақстан Республикасының «1993 жылдың 20 қаңтарындағы «Әскери қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелерін әлеуметтік қорғау мен мәртебесі туралы» Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңына 2009 жылдың 9 ақпанында қол қойылды, онда:

1) әскери қызметте солдат пен сержант лауазымына шетелде мамандандырылған әскери тәжірибесіне сәйкес алғашқы келісім-шарт келісілген кезде бір реттік ақшалай сыйақы төленеді;

2) келісім шарт бойынша солдат немесе лауазымдағы әскери қызметкер 8 жылдан артық қызмет жасағанда Қазақстан Республикасының ақылы оқу орнында білім алып мемлекеттік бюджет есебінен оқудың 50% төленеді.

Қазіргі уақытта әскери қызметтен босатылып қордағы азаматтарды әрі қарай еңбекпенен қамту сұрағы қарастырылуда. Қазақстан Республикасының Президентінің тапсыруына сәйкес, Қорғаныс министірлігі босатылудағы және әскери қызметтегі әскерлерді баспанамен қамтамасыз етудің кешенді түрде әзірленіп, Қазақстан Республикасы Әкімшілігінен қолданыс тапқан.

Жоспарланған іс-шаралар шеңберінде қолданыстағы жеңілдіктерді монетизациялау, әскери қызметкерлердің баспана сатып алуға немесе жеке тұрғын үй құрылысына алынған несие соммасы төлемінің реттілігін орнатып, босатылған әскери қызметкерлерді ақтап және жұмысқа орнатуды қамтамасыз етіледі.

2009 жылдың бірінші жарты жылдығында Қорғаныс министрлігінде пайдалануға:

- 1) Приозерск қ. Пирогова көшесінде 48 пәтерлік тұрғын үй;
- 2) Қарағанды облысының Сарань қ. 80 пәтерлік тұрғын үй;
- 3) Қарағанды облысының Ақтас п. 80 бөлмелік пәтер типті жатақхана;
- 4) Астана қ. Сороковая ст. 300 койка-орындық жатақхана;
- 5) Приозерск қ. Спортивтік кешен берілді;
- 6) Астана қаласында 184 пәтерлік тұрғын үйге кіргізу жоспарлануда.

Әскери қызметтің беделін көтеруді

Жоғарғы Қолбасшымен қойылған міндеттерді орындау шеңберінде, әскери мамандыққа деген мотивацияны көтеру жөнінде, әскери атақ бойынша еңбек ақы мөлшерін көбейту; жазғы құрамға үстемелер төлеу; жауынгер мен сержант лауазымында жүрген контрактілердің кластық біліктілігі үшін еңбек ақы мөлшері мен үстемелерді көтеру. Экономикалық қиыншылықтарға карамай, әскери қызметкерлердің ақшалай үлесі «атқыш» қызметіндегі «қатардағы жауынгер» 2-3 жыл еңбек сіңірсе, 2008 жылдың 1 қаңтарынан бастап 2011 жылға дейін 27 940 теңгеден 56 754 теңгеге, «бригада сержанты» болып, 7-9 жыл еңбек сіңіріп, «2-класты сержант» атағында болса – 65 895-тен көтеріліп, 133 849 теңгені құрайды. Бұдан басқа, әскери қызметтің әлеуметтік саласында бір қатар заңнамалық өзгерістер болады.

Қазақстандық жастарға әскери-патриоттық тәрбие беруді жан-жақты қолдайтын боламыз

Қорғаныс министрлігінің басшылығымен, әскери бөлімдердің және жергілікті әскери басқарма мекемелері мен жергілікті атқарушы билік мекемелерінің бастамасымен Ұлы Отан Соғысы ардагерлерімен, жергілікті соғыс ардагерлерімен, «ерлік сабақтарын», «жады вахталарын», әскери-спорттық ойындар мен жарыстарды Қазақстан Республикасы азаматтарын әскери-патриоттық тәрбиелеуді жетілдіру үшін өткізіледі.

Ауғанстаннан әскердің шыққанына 20 жыл толуына орай, Ұлы Отан Соғысының Жеңіс күніне 64 жылдық мерейтойына байланысты мерекелік іс-шаралар ұйымдастырылды.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ АЙМАҚТАҒЫ ЖӘНЕ ӘЛЕМДЕГІ ТҰҒЫРЫН НЫҒАЙТУ

Қазақстан мен Ресейдің, Орталық Азия елдерінің арасында тауарлардың, қызмет көрсетулер мен жұмыс күшінің еркін қозғалысы үшін қолайлы жағдайлар жасауға

Қазіргі таңда Қазақстан, Ресей және Белорусия арасында Кедендік одақ түрінде сауда-экономикалық интеграциясын қалыптастыру бойынша келіссөздер жүргізіліп жатыр.

Үш мемлекеттің Кедендік одағын қалыптастыратын негізгі элемент – **Ортақ кедендік тариф жобасы** 2009 жылдың 9 маусымында Қазақстан Республикасы, Белорусия Республикасы және Ресей Федерациясы үкіметтері басшыларының мақұлданды, ал ағымдағы жылдың қараша айында Мемлекет басшыларына қарауға жіберіліп, 2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді.

Арнайы қорғану, антидемпингтік және өтемақылық шаралардан басқа, кедендік одақтың қатысушы-елдерінің кедендік аймағында, біртұтас кедендік аймақта болатын, тауарлармен екі жақты саудасы, сонымен қатар осы кедендік аймаққа үшінші елдер жағынан ерікті қатынасқа жіберілумен болатын кедендік аймақтағы кедендік баж салығы және шектелген экономикалық сипаты қабылданбайды. Осыдан кейін екі жақ ортақ кедендік тариф қабылдап және басқа үшінші жақпен тауар айналымын реттеу шараларын іске асырады.

Ресеймен инновациялық секторларда екі жақты экономикалық өзара іс-қимыл саласын кеңейтуге

Инновациялық даму саласындағы қазақстан-ресейлік ынтымақтастығын белсендіру мақсатында радионавигациялық өрістің бірлескен мониторинг жүйесін, мемлекетаралық авто- мен теміржол тасымалының бірлескен мониторинг жүйесін құру бойынша барлық күшті бағыттады.

«Еуропалық жоғары таулық ғылыми ғарыштық сәуле орталығы» Халықаралық орталығын құру бойынша жобаны жүзеге асыру басталды. Бұл мақсаттарда Жер туралы ғылым орталығының Физико-техникалық институтымен Ресей Академиясының Физика институтымен бірлесіп, Тянь-Шань жоғары таулық ғылыми станциясында 3340м теңіз деңгейінен биіктікте (Алматы түбіндегі Жосалы шатқалында) күшті телескоп монтаждалды.

АҚШ-пен, Еуропалық Одақ елдерімен, Қытаймен тиімді экономикалық және саяси өзара іс-қимылдың жаңа нысандарын іздеуге

Жалпы алғанда Қазақстан Республикасының Еуропа Одағы елдерімен, Қытаймен өзара қатынасы жаман емес.

АҚШ-тың жаңа Әкімшілігімен конструктивті сұхбатты реттеу жөнінде міндет қойылып, қол жеткізген ынтымақтастық деңгейде сабақтастықты сақтап қалу.

ОБСЕ-де Қазақстанның алда төрағасылық жасайтын тұрғыдан саяси және құқық қорғау риторикасын нығайту - АҚШ-мен қарым-қатынаста болмай қалмайтын факт болып табылады. Осыған байланысты стратегиялық басымдылықтың америкалық саяси топтарында қазақстандық қоғамды модернизациялау мақсаты мен алдыңғы уақытта ОБСЕ-дегі қазақстандық төрағасылығын американдық қолдауын қамтамасыз ету мақсатында дәйекті түсіндіру бойынша жұмыс жалғасуда.

Еуропалық Одақ елдерімен экономикалық және саяси өзара қатынас кеңеюде. Ел басшысының ресми кездесулерінің нәтижесі бойынша үкіметаралық және ведомствоаралық көптеген келісімдерге қол қойылды. Атаулы құжаттар кең спектрлі өзара әрекеттер мен болашақты анықтайтын, тегіс бәрін қамтитын құжаттар болып табылады. Осындай маңызды құжаттарды бекіту – еуропалық мемлекеттер үшін Орталық Азия аймағындағы біздің елдің көшбасшылық орыны мен Қазақстанның басымдық маңызын ашып, куәландырады.

«Еуропаға жол» атты Бағдарламаны жүзеге асыру басталды, 19 ақпанда лондондық Ситиде Ұлыбританияның іскерлік топтарын «Еуропаға жол» атты бағдарламамен таныстыру және ҚР Үкіметінің антикризистік шараларды қабылдауын талдауға арналған дөңгелек үстел өтті. Динамично развиваются торговые отношения с Китаем, отмечаются положительные тенденции и в политических взаимоотношениях.

Осыдан басқа, қазақстан-қытай қатынастарының маңызды бағыттарының бірі – трансшекаралық өзендерді бірлесіп пайдалану мен қорғау болып табылады. Осы проблеманың дұрыс реттелуіне шекараның екі жағындағы тұрақты әлеуметтік-экономикалық даму мен айналадағы ортаның дұрыс сақталуы байланысты.

Бүгінгі таңда 22 өзен трансшекаралық ретінде мойындалып отыр. Осыған байланысты Ертіс пен Іле өзен бассейндеріндегі судың сапасы жөніндегі мәселелер қазақстан-қытай су қатынастарының ең маңыздысы болып табылады.